

**Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының
индустриалдық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған мемлекеттік
бағдарламасы туралы" Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 3 сәуірдегі N 319 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының
индустриалдық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған мемлекеттік
бағдарламасы туралы" Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің
қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы

**Қазақстан Республикасының индустриалдық-инновациялық
дамуының 2003-2015 жылдарға арналған
мемлекеттік бағдарламасы туралы**

Экономиканы әртараптандыру мен жаңғырту және өнімнің бәсекелі түрлерін шығару әрі экспортты арттыру үшін жағдай жасау негізінде ел экономикасының ұзақ мерзімді тұрақты өсуін қамтамасыз ету мақсатында қаулы етемін:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының индустриалдық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

бір айлық мерзімде Бағдарламаны іске асыру жөніндегі 2003-2005 жылдарға арналған (1-кезең) Іс-шаралар жоспарын әзірлесін және бекітсін;

жарты жылдық қорытындылары бойынша Мемлекет басшысына жылына екі рет 1 ақпанға және 1 тамызға дейін Бағдарламаның орындалу барысы туралы ақпарат ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар Бағдарламаны іске асыру жөнінде барлық шараларды қабылдасын.

4. Бағдарламаның орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

5. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қазақстан Республикасының Үкіметі

**Қазақстан Республикасының
индустриалдық-инновациялық дамуының
2003-2015 жылдарға арналған
мемлекеттік бағдарламасы Астана, 2003 ж.**

Бағдарламаның паспорты

Атауы	Қазақстан Республикасының индустриалдық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
Әзірлеу үшін негіздеме	Қазақстан Республикасы Президентінің "Елдегі жағдай туралы және 2002 жылға арналған ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы" Қазақстан халқына Жолдауында және Қазақстан кәсіпкерлерінің 10-шы форумында берген тапсырмаларына сәйкес әзірленді
Әзірлеушілер	Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда, Білім және ғылым, Көлік және коммуникация, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, энергетика және минералдық ресурстар, Қаржы министрліктерінің, Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттіктің, Ұлттық Банктің және т.б. қатысуымен әзірледі
Мақсаты	Шикізаттық бағыттан бас тартуға ықпал ететін экономика салаларын әртараптандыру жолымен елдің

тұрақты дамуына қол жеткізу; ұзақ мерзімді кезеңде сервистік-технологиялық экономикаға өту үшін жағдай жасау.

Міндеттері

Өңдеуші өнеркәсіпте орташа жылдық өсу қарқынын 8-8,4% мөлшерінде қамтамасыз ету, 2000 жылмен салыстырғанда 2015 жылы еңбек өнімділігін кемінде 3 есе арттыру және ЖІӨ энергия сыйымдылығын 2 есе төмендету; өңдеуші өнеркәсіптің негізгі қорларының өнімділігін арттыру; жеке секторды бәсекелестік артықшылықты өндіру мен жетілдіруге және қосылған құны барынша жоғары элементтерге жылжи отырып, нақты өндірістерде қосылған құндар бөлігіндегі элементтерді игеруге ынталандыратын кәсіпкерлік ахуалды, қоғамдық институттардың құрылымы мен м а з м ұ н ы н ж а с а у ; ғылымды көп қажет ететін және жоғары технологиялық экспортқа негізделген өндірістер құруды ынталандыру; елдің экспорттық әлеуетін қосылған құны жоғары тауарлар мен қызметтердің мүддесіне қарай әртараптандыру; сапаның әлемдік стандарттарына көшу; дүниежүзілік ғылыми-техникалық және инновациялық процестерге қосылу арқылы дүниежүзілік шаруашылық жүйесіне және өңірлік экономикаға ықпалдасуды үдету.

Іске асыру

2003-2015 жылдар

мерзімі

1-кезең - 2003-2005 жылдар

2-кезең - 2006-2010 жылдар

3-кезең - 2011-2015 жылдар

Қажетті ресурстар және қаржыландыру көздері

Бағдарламаны іске асыруға жұмсалатын инвестициялық сипаттағы тікелей шығындардың болжамды көлемі жылына 1,2 млрд. АҚШ долл. құрайды. Бұл ретте Бағдарламаны іске асыруға жұмсалатын мемлекеттік шығындардың құны 2002 жылғы бағалармен жылына 260 млн. АҚШ долл. құрайды.

Республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландыру көлемі тиісті жылға бюджетті қалыптастыру кезінде нақтыланатын болады.

Бағдарлама іс-шараларын қаржыландыру үшін

Даму банкінің, Инвестициялық қордың,

Инновациялық қордың қаражаты тартылатын болады.

Бұл ретте жаңа инвестициялық және инновациялық институттарды құру ірі қаржы ресурстарын

ізвестіруді қажет етеді.

Күтілетін
нәтижелер

Индустриалдық-инновациялық саясатты белсенді жүргізу экономиканың өсу қарқынын жылына кемінде 8,8-9,2% қамтамасыз етеді. Бұл 2000 жылмен салыстырғанда 2015 жылы ЖІӨ көлемін 3,5-3,8 еседей ұлғайтуға мүмкіндік береді. Бұдан басқа өңдеуші өнеркәсіпте орташа жылдық өсу қарқынын 8-8,4% дейін жеткізуге, 2000 жылмен салыстырғанда 2015 жылы еңбек өнімділігін кемінде 3 есе арттыруға және ЖІӨ энергия сыйымдылығын 2 есе төмендетуге мүмкіндік береді.

Бағдарламаны іске асыру нәтижелері 2015 жылы мұнай, газ кен орындарын қарқынды игеру жағдайында экономиканың және өнеркәсіптік өндірістің құрылымы түбегейлі өзгеріске

ұ ш ы р а м а й д ы .

Бағдарламаны іске асыру:

ЖІӨ құрылымында өнеркәсіптің үлестік салмағын 2015 жылы 46,5%-тең 50-52% дейінгі мөлшерде ұ л ғ а й т у ғ а ;

ЖІӨ құрылымында ғылыми және ғылыми-инновациялық қызметтің үлестік салмағын 2000 жылғы 0,9%-тең 2015 жылы 1,5-1,7%-ке арттыруға;

ЖІӨ құрылымында өңдеуші өнеркәсіп үлесінің төмендеу қарқынын 2000 жылғы 13,3%-тен 2015 жылы 12-12,6%-ке дейін төмендеуін бәсеңдетуге (салыстыру үшін бұл көрсеткіш индустриалдық саясат жүргізілмесе 2015 жылы 10,9%-ті құрайтын е д і) ;

Сонымен қатар Бағдарлама іске асырылмаса, өнеркәсіптік өндірістегі кен өндіру салаларының

қосылған құнының үлесі, оның ішінде мұнай өндіру 2000 жылғы 31,0 және 25,6% қарағанда 2015 жылы тиісінше 55-56% және 50-51%-ке жетуі мүмкін. Бағдарламаны іске асыруды есепке алғанда кен өндіру кәсіпорындары 46-47% ғана құрайды. Бұл ретте ғылымды көп қажет ететін және жоғары технологиялық өндіріс орындарының үлесі 2000 жылғы ЖІӨ 0,1%-нен 2015 жылы 1-1,4%-ке дейін а р т а д ы .

Өңдеуші өнеркәсіптің қосылған құнының құрылымында сапалық өзгерістер болады. Металлургияның және металдарды өңдеу үлесі өңдеуші өнеркәсіптің қосылған құнының жалпы көлемінің 40,1%-нен 27-28%-не дейін төмендейді, ал ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу үлесі 38,1%-тен 45-46%-ке дейін өседі, бұл ретте ғылымды көп қажет ететін және жоғары технологиялық өнімнің үлесі 2000 жылғы 0,6%-пен салыстырғанда 9-11%-ті құрайды.

Кіріспе

Қазақстан Республикасының индустриалдық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) Қазақстан Республикасы Президентінің "Елдегі жағдай туралы және 2002 жылға арналған ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы" Қазақстан халқына Жолдауында және Қазақстан кәсіпкерлерінің 10-шы форумында берген тапсырмаларына сәйкес ә з і р л е н д і .

Бағдарлама Қазақстанның 2015 жылға дейінгі кезеңге арналған мемлекеттік экономикалық саясатын қалыптастырады және экономика салаларын әртараптандыру, сөйтіп осы арқылы дамудың шикізаттық бағытынан бас тарту жолымен елдің тұрақты дамуына қол жеткізуге бағытталған.

Өңдеуші өнеркәсіпте және қызмет көрсету саласында бәсекеге түсуге қабілетті және экспортқа бағдар ұстанған тауарлар, жұмыстар және қызметтер өндіру мемлекеттік индустриялық-инновациялық саясаттың басты нысанасы болып табылады.

Дүниежүзілік экономиканың жаһандану аясында Қазақстан экономикасы бірқатар проблемаларға тап болып отыр. Негізгі проблемаларға мыналарды жатқызуға болады: бір жақты шикізат бағыттылығы, әлемдік экономикаға ықпалдасудың әлсіздігі, ел

ішіндегі салааралық және өңіраралық экономикалық ықпалдасудың босандығы, ішкі рынокта тауарлар мен қызметтерге деген тұтыну сұранысының мардымсыздығы (шағын экономика), өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымның жеткілікті дәрежеде дамымауы, кәсіпорындардың жалпы техникалық және технологиялық тұрғыдан артта қалушылығы, ғылым мен өндірістің арасында ықпалды байланыстың болмауы; ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға (бұдан әрі - ҒЗТКЖ) қаржының аз бөлінуі, менеджменттің экономиканы жаһандану үрдістеріне және сервистік-технологиялық өтуге бейімдеу міндеттеріне сәйкес келмеуі.

Проблемаларды шешу және Бағдарлама шеңберінде алға қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін Даму Банкінің қызметін жандандырумен қатар Қазақстанның инвестициялық қоры, Экспортты сақтандыру корпорациясы сияқты арнайы даму институттарын құру, Инновация қорын нығайту көзделіп отыр.

Бұл ретте осы институттар қосылған құны жоғары жаңа өндірістерді құруға және олардың жұмыс істеп тұрғандарын дамытуға және келелі салаларды кешенді талдау, олардың ең маңызды элементтерін анықтау негізінде ғылыми және ғылыми-зерттеу әзірленімдері мен зерттеулерге қолдау көрсетуге инвестициялау саясатын жүргізетін б о л а д ы .

Бағдарлама елде ғылымды және инновациялық қызметті көтермелеуге бағытталған белсенді мемлекеттік ғылыми және инновациялық саясат жүргізуді көздейді. Алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін қаржы рыногын одан әрі дамыту және фискалдық, білім беру, монополияға қарсы, инфрақұрылымдық саясатты жетілдіру көзделіп отыр. Стандарттау саясаты шеңберінде экономиканың және басқарудың барлық салаларында әлемдік стандарттарға көшу көзделуде.

Бағдарламаны ойдағыдай іске асыру экономиканың адам, өндірілген және табиғи капиталды тиімді пайдалануға негізделген тұрақты өркендеуіне алып келетін оның құрылымында сапалы өзгерістер жасауға, Қазақстанның әлеуметтік дамудың және қоғам құрылысының сапалық жаңа деңгейіне шығуына ықпал етуі керек.

Экономиканы мемлекеттік реттеу әдістері мен тетіктерін жетілдіру жөніндегі жекелеген ұсыныстарды негіздеу үшін Бағдарламаның тиісті бөлімдерінде импорт алмастыратын және экспортқа бағдар ұстанған саясатты іске асыру жөніндегі шет елдердің тәжірибесі, оның ішінде экспорттық саясаттың әрқилы түрлері мен кезеңдері, сондай-ақ әлемдік рыноктарда бәсекелестік артықшылыққа қол жеткізуге мүмкіндік беретін ф а к т о р л а р к е л т і р і л г е н .

Жалпы алғанда Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде 2015 жылға қарай ел экономикасы сервистік-технологиялық дамуға өтуге дайын болуы керек.

1. Әлемдік экономиканың үрдістерін талдау және Қазақстан экономикасының бәсекелестік қабілетін арттыру проблемалары

1.1. Дүниежүзілік экономиканың даму үрдістерін талдау

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін капитализмнің әлемдік жүйесі өзгеріске ұшырап, монополистік немесе трансұлттық капитализмнің жаңа белгілеріне ие болды.

Мұндай өзгеріс әлемдік сауданың едәуір өсуімен, трансұлттық компаниялардың пайда болуымен, шетелдік инвестициялардың елеулі түрде артуымен және сауда шарттарының ырықтануымен сипатталады. Халықаралық валюта қоры және Дүниежүзілік банк сияқты институттар пайда болды.

Егер елуінші жылдары әлемдік экономика дүние жүзіндегі барлық елдердің ұлттық экономикасының жиынтығы болса, ал 60-шы жылдардан бастап корпорацияларды трансұлттық белгілері бойынша ұйымдастыру үрдісі көрініс бере бастады.

Тоқсаныншы жылдарға қарай тауарлар мен қызметтер өндіру процесі фрагментарлық сипатта болып, әлемнің барлық елдері бойынша шашыраңқы орналасты. Қаржы-өнеркәсіп капиталы трансұлттық сипатқа ие болды.

Дамушы елдер үшін бұл өзгерістердің маңызы аса зор. Дамыған және дамушы елдер арасындағы шеткері аймақтар шикізат жеткізуге, ал орталық оны өңдеп, шетке қайта жеткізуге негізделген дәстүрлі қарым-қатынастар айтарлықтай өзгерді.

Ғаламдық капитализм жағдайында дамушы елдер өндірістік процесс тізбегіне тартылып, өндірістің салыстырмалы төмен сатысындағы тауарларды, қосылған құны барынша төмен тауарларды өндірумен айналысады.

Әлемде индустриялық саясат жүргізудің мол тәжірибесі жинақталған. Санаулы елдердің ғана экономиканың бір өнімге тәуелділік проблемасын ойдағыдай шешіп, өз өнеркәсібін әртараптандыра алғанын атап өтуге болады.

Экспорттың құрылымын әртараптандыру үшін индустриялық саясатты қолдану түрлі елдердің тарихи ретроспективасында импорт алмастыруға және экспортқа бағдарланған саясаты мысалдарынан айқын байқауға болады. Негізінен осындай саясат қолданылған Латын Америкасы (Мексика және Бразилия) және Шығыс Азия (Оңтүстік Корея және Сингапур) елдеріне жасалған талдаудан экспортқа бағдарлану арқылы тұрақты экономикалық өркендеуге қол жеткізуге болатындығы туралы негізгі қорытынды жасауға болады.

Тарихи ретроспективада Латын Америкасы елдері де, Шығыс Азия елдері де импорттың орнын басу және экспортқа бағдар ұстану кезеңдерінен өткен. Шығыс Азия елдерінің белгілі бір кезеңде импорт алмастыру саясатынан бас тартып, экспортты ұлғайту саясатына көшуі, ал Латын Америкасының импорт алмастыру ерекше көңіл аударуы осы елдердің ерекшелігі болып табылады.

Экономикалық теория тұрғысынан алғанда экспортқа негізделген саясаттың табысты болуы түсінікті, себебі өзінің ішкі рыногының әлеуетін сарқып тауысқан елдер өздерінің экономикалық даму процесін тоқтатпау үшін сыртқы рыноктарды игере бастауға мәжбүр болады. Латын Америкасының елдері импорт алмастыру қолдай

отырып, нақты бәсекелестікке емес, әкімшілік және тарифтік тосқауылдарда негізделген салаларды құрғандығын атап өту керек. Бұл салалар нығайып алғаннан кейін жаңғыртудың және өнімділікті арттырудың орнына өз ресурстарын импорт алмастыру саясатын одан әрі сақтап қалу мақсатында мемлекет арқылы өз мүдделерін қызғыштай қорғауға бағыттады. Осының салдарынан ресурстар тиімді бөлінбей, ұлттық экономикалар халықаралық бәсекеде ұтылып жатты.

Жалпы алғанда жаңа ғаламдық экономикалық жағдайды қалыптастыратын әлемдік экономикадағы басым үрдістері төмендегіше жіктеуге болады:

дамыған елдерде индустриялық экономикадан сервистік-технологиялық экономикаға өту ;
жаһандану ,
экономиканы ырықтандыру ;
жаһандық бәсекенің артуы және өңірлік ықпалдасу.

Жиырмамыншы ғасырдың соңғы ширегінде экономикалық дамыған елдер индустриялық даму сатысынан аса жоғары сервистік-технологиялық экономикаға өтті. Бұл елдерде ЖІӨ үлкен бөлігі қызмет көрсету секторында қалыптасады. Мұндай қызметтердің айқын байқалатын ғылыми және инновациялық негізі бар.

Экономикасы дамыған елдерде зияткерлік ресурстар және қаржы капиталы шоғырланған, ал индустриялық өндіріс, әсіресе еңбекті көп қажет ететін өндірістер біртіндеп дүние жүзінің экономикалық даму тұрғысынан неғұрлым мешеу қалған елдеріне ауысуда.

1.2. Қазақстан экономикасы құрылымын әртараптандыру проблемалары

Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан жаһандық экономикада дүниежүзілік тауар рыноктарына мұнай, газ, қара, түсті, сирек жер және қымбат металдар және уран өнімдерін шығаратын ел ретінде қарастырылады. Ауылшаруашылық өнімдерінен астық экспортының келешегі бар .

Қазақстанда пайдалы қазбалардың ірі қорларының болуы оның салыстырмалы экономикалық артықшылығы болып табылатындықтан, ол қазіргі уақытта классикалық экономикалық сценарий бойынша дамуда.

Өндірістің және шикізат ресурстары экспортының қарқынды дамуы экономикаға экономикалық дағдарыстан шығып, соңғы үш жылда экономикалық өсудің жоғары қарқынын қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Өнеркәсіптің шикізат салаларына шетелдік инвестицияларды тарту және қаржы саласында құрылымдық-институционалдық өзгерістерді жүзеге асыру жөнінде мемлекеттік саясаттың жүргізілуіне байланысты Қазақстан экономикасының дамуында оң өзгерістер байқалуда, елде өмір сүру деңгейі жоғарылауда және бұрынғы индустриалдық сервистік-технологиялық даму сатысына өтуге мүмкіндік беретін қаржы ресурстары жинақталуда .

Бүгінгі таңда Қазақстанды әлемдік қоғамдастық нарықтық экономикалы мемлекет ретінде мойындап отырғанын атап өту керек, ТМД елдерінің ішінде бірінші болып инвестициялық мемлекеттік рейтингке ие болды.

Әлемдік банк Қазақстанды әлемдегі инвестиция салу үшін ең тартымды 20 елдің қатарына қосты. Тәуелсіздік жылдары Қазақстан экономикасына 21 млрд. астам АҚШ долларын тартылды.

Стратегиялық тұрғыдан алғанда қабылданған үлгіге сәйкес Қазақстан бәсекелестікке және әлемнің барлық елдерімен өзара тиімді ынтымақтастық орнатуға негізделген тауарларды, қызметтерді, капиталды және жұмыс күшін экспорттауға бағдарланған ашық экономикалы ел ретінде қалыптасады.

2001-2002 жылдары ішінде ЖІӨ-нің орташа жылдық өсу қарқыны 11,5%-т құрады. 2010 жылы ЖІӨ екі есе ұлғайту үшін оның орташа жылдық өсу қарқыны 7,2% болуы керек.

Стратегиялық жоспарды іске асыру саласында ел экономикасының жақсы қарқын алғанын атап өту керек. Орта мерзімді келешекте жедел дамуды жалғастыру және сонымен қатар экономика мен әлеуметтік салада сапалы өзгерістер жүргізу керек.

Сонымен қатар Қазақстан өзіне отын және минерал шикізатының ірі әлеуетін шоғырландырған шағын экономика ретінде өндірістің өңдеуші салаларына инвестиция салуға тартымсыз. Бұл шикізат ресурстарына конъюнктураның өзгеруіне қатысты ел экономикасын осал әрі тәуелді етеді.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, шикізат ресурстарына бай кейбір дамушы елдер тұрақты экономикалық дамуға қол жеткізбей, шикізаттың әлемдік тауар рыноктарында конъюнктураның өзгерістеріне тым тәуелді болып қала береді.

Экономиканың шикізаттық секторынан едәуір табысқа ие болып, мемлекет пен жеке сектор экономиканың жаңа салаларын дамытуға ынталанбайды. Сонымен бірге ресурстар қоры мардымсыз немесе тапшы елдер үнемі жан сақтап қалу шегінде болатындықтан, экономиканың жаңа секторларын дамытуға үнемі әрекет жасайды. Алайда ұзақ мерзімде келешекте шикізат қоры сарқылады, бұл пайдалы қазбалардың кен орындары толықтай пайдаланылғаннан кейін тұрақты даму тұрғысынан алғанда елеулі проблемалар туғызады.

Экономиканың шикізат секторынан алынатын ірі табыстардан шектен тыс толығу қаупін есепке ала отырып және мұнайға бағаның күрт төмендеуінің зардаптарды болжау негізінде Қазақстанда Ұлттық қор құрылды, онда мұнай мен түсті металдарға дүниежүзілік баға деңгейінің белгіленген қалыпты шектен асып кетуінен түсетін табыстар жиналады.

Бұл шара сондай-ақ қазақстандық қаржы жүйесіне түсетін валюта қысымын жоюға және экспортты ынталандыратын және дайын өнімнің импортын тежейтін теңгенің

айырбас бағамын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Құрылымдық-институционалдық реформалар саласындағы жетістіктерді, қаржы секторы сенімділігінің артуын және елдің экспорттық әлеуетінің жедел қарқынмен өсуін айта отырып, өнеркәсіптің өңдеуші салалары, сондай-ақ өндірістік сипаттағы қызметтер көрсететін салалар тиісінше дамымай отырғанын атап өту керек.

Өңдеуші өнеркәсіпте сыртқы рынокта металлургия өнеркәсібі ғана бәсекеге түсе алады. Тамақ өнеркәсібінің кейбір өнімдері осыған ұқсас шетелдік өнімдермен ішкі рынокта ғана бәсекеге түсе алады, ал өңдеуші өнеркәсіптің қалған өнімдері бүгінгі таңда тікелей және жанама субсидиялардың есебінен ғана ұсталып отыр. Бұл электр энергиясына, ЖЖМ, өнімді тасымалдауға төмен және экономикалық тұрғыдан негізделмеген тарифтің белгіленуінен, кедендік қорғау баждарын белгілеуден көрініс беруде. 2003 жылға дейін өнеркәсіптің кейбір (тігін және машина жасау, тоқыма, былғары аяқ киім, резина және пластмасса бұйымдарын өндіру, химия өнеркәсібі) салаларына бюджет алдында жол берілген бұрынғы берешектерін төлеу өсімі есептелмей кейінге қалдырылды. Тоқыма, тігін, былғары аяқ киім өнеркәсібі салаларының өзі өндірген өнімді өткізуге 2002 жылға дейін ҚҚС нөлдік ставка б о й ы н ш а с а л ы н д ы .

Қазақстанның қазіргі экономикасында мынадай проблемалар бар:
экономиканың сыңар жақты шикізат бағыттылығы;
әлемдік экономикаға ықпалдасудың әлсіздігі;
ел ішіндегі салааралық және өңіраралық экономикалық ықпалдасудың босандығы;
өңдеуші өнеркәсіп өнімділігінің төмендігі;
ішкі рынокта (шағын экономика) тауарлар мен қызметтерге деген тұтыну с ұ р а н ы с ы н ы ң м а р д ы м с ы з д ы ғ ы ;
өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымның жеткілікті дәрежеде дамымауы;
мұнай-газ және кен-металлургиялық кешенге жатпайтын экономика салаларында негізгі қорлардың үдемелі тозуы;
кәсіпорындардың жалпы техникалық және технологиялық тұрғыдан артта қалуы;
ғылым мен өндіріс арасында ұтымды байланыстың болмауы;
ҒЗТКЖ қаржының аз бөлінуі;
отандық ғылымның нарықтық экономика жағдайларына нашар бейімделуі,
ғылыми-техникалық өнімді тауар деңгейіне дейін жеткізудің ықпалды тетіктерінің болмауы, соның салдарынан тұтастай алғанда инновациялық ұсыныстар деңгейінің т ө м е н б о л у ы ;
мамандарды және жұмысшы кадрларды даярлау мен қайта даярлаудың қазіргі з а м а н ғ ы ж ү й е с і н і ң б о л м а у ы ;
отандық қаржы институттары үшін экономиканың өңдеуші секторларына инвестициялар салуға ынталандыру көздерінің болмауы;
менеджменттің экономиканы жаһандану үрдістеріне және сервистік-технологиялық

экономикаға өтуге бейімде міндеттеріне сәйкес келмеуі.

ЖІӨ-нің 1 долларына электр энергиясының жұмсалудың деңгейі бойынша, сондай-ақ экономика салаларындағы еңбек өнімділігі бойынша кейбір индустриалдық дамыған елдерден 7-10 еседен астам артта қалып отырмыз.

Қазақстан кәсіпорындарының негізгі қорлары құлдырау алдында. 2001 жылдың басында негізгі құралдардың тозу дәрежесі орта есеппен 29,7 % құрады. Бірқатар салаларда негізгі құралдардың нақты тозуы 50 % және одан астам деңгейге жақындауда.

Қазіргі уақытта қолданылып жүрген кәсіпорынның қарауында қалған пайда есебінен негізгі құралдарды жаңартуға қаржы ресурстарын жинақтау тәртібі моральдық тұрғыдан ескірген жабдықты ауыстыруға ынталық туғызбайды және оны жаңартуда белгілі бір дәрежеде тежеуші болып отыр.

Негізгі құралдарды жаңарту коэффициенті 1999 жылы - 8%, 2000 ж. - 13,8% құрады. Мұндай өсуге мұнай және табиғи газ өндіруге инвестиция салу есебінен қол жеткізілді.

Негізгі құралдар құрылымында аса тозғандары - машиналар және жабдықтар болып табылады. Олар бойынша тозу дәрежесі 2000 жылы 42,1% құрады. Көлік құралдары - 41%, ғимараттар 36,5% тозған.

Мұнай өндірумен және металдарды өндірумен байланысты емес салаларда жабдықтың тозу дәрежесі соңғы үш жылда 45%-тек 62%-ке дейін құрады. Өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындарында толықтай тозған машиналардың, жабдықтардың және көлік құралдарының үлес салмағы 12%-ке жетті.

Бұл жабдықтың жылдық және моральдық тұрғыдан тозуына, ел экономикасының бәсекеге түсу қабілетінің төмендеуіне алып келеді. Егер Қазақстанда ЖІӨ-нің 1 долларын өндіруге 2,8 киловатт сағат жұмсалатын болса, Ұлыбритания, Германия, Италия және Жапония сияқты елдерде бұл көрсеткіш 0,22-0,3; АҚШ, Франция, Түркия, Кореяда - 0,4-0,6; Канада мен Қытайда - 0,8-1,2 киловатт сағатты құрайды.

**Өндіріске жұмсалатын электр энергиясының шығындары
(ЖІӨ-нің 1 долларына шаққанда кВт/сағ)**

	1995	1996	1997	1998	1999	2000
Г						
М						
Д						
Армения	4,35	3,88	3,66	3,28	3,09	3,13
Беларусь	2,36	1,63	1,85	1,54	2,18	2,51
Қазақстан	4,01	2,80	2,35	2,20	2,82	2,81

Қырғызстан	8,24	7,87	7,13	7,07	10,56
Молдова	0,83	0,83	0,78	0,71	0,70
Ресей	2,55	2,02	1,95	2,98	3,38
Украина	5,24	4,11	3,55	4,13	5,59

Әлемнің	басқа	да	елдері			
Ұлыбритания	0,30	0,29	0,26	0,25	0,25	0,23
Германия	0,22	0,23	0,26	0,26	0,26	0,27
Италия		0,22	0,20	0,22		0,22
Канада	0,96	0,94	0,91	0,92	0,88	0,82
Қытай	1,44	1,32	1,26	1,17	1,21	1,22
Корея Республикасы	0,42	0,44	0,52	0,75	0,66	0,58
АҚШ	0,45	0,44	0,45	0,44	0,42	0,30
Түркия	0,51	0,52	0,54	0,54	0,59	0,56
Франция	0,32	0,33	0,36	0,35	0,36	0,38
Жапония	0,19	0,21	0,24	0,27	0,24	0,22

Алынған көздері:

1) ТМД Мемлекетаралық статистикалық комитеті жинақтарының материалдары, 2000 - 2002 ;

2) "International Financial Statistics" Халықаралық Валюта Қорының статистикалық жинақтары, 2002 .

Қазақстанда қаржы ресурстары бар, алайда банктер ірі тәуекелдерге байланысты операцияларды жүргізе алмайды.

Шағын ашық экономика болып табылатын Қазақстан әлемдік бағаларға әсер ете алмайды, сондықтан оларды сол қалпында қабылдауға тиіс. Осының салдарынан ел өз экономикасына тиімді әсер ету құралдарының шектеулі жинағын ғана қолдана алады. Осыған байланысты экономиканың сыртқы факторларға қатысты осалдығын азайту үшін елде жоғары технологиялық өндірістерді құру аса өзекті болып табылады.

Өткізуден түсетін табыстың 1 теңгесіне жұмсалатын шығындардың көрсеткіші еңбек және материалдық ресурстарды пайдалану тиімділігін бағалаудың индикаторы болып табылады. Бұл көрсеткіш өткізілген өнімнің (жұмыстардың, қызметтердің) өзіндік құнының оларды сатудан түсетін табысқа қатынасымен өлшенеді. Бұл көрсеткіш аз болған сайын кәсіпорынның табысы жоғары болады.

Қазақстан экономикасында 2002 жылы мұнай және табиғи газ өндіру (0,39) кезінде, қаржы қызметінде (0,48), темекі өнімдерін өндіруде (0,58), түсті металдар өндіруде (0,55) өндірілген және адам капиталын пайдаланудың жоғары тиімділігі орын алды.

Өткізілген өнімнің 1 теңгесіне жұмсалған шығындардың төмен деңгейі ауыл шаруашылығында (0,91), химия өнеркәсібінде (0,85), электр энергиясын, газ және су өндіру мен бөлуде (0,86), құрылыста (0,85), сусындарды қоса алғанда тағам өнімдерін өндіруде (0,8) байқалды.

Салық аударымдарын, өнім тасымалдауға және жарнамаға жұмсалатын шығындарды есепке алғанда көптеген салалардың кәсіпорындары залалды болады.

Жұмысшылардың санын қысқартатын жаңа технологияларды қолдану, өнімнің материал және энергия сыйымдылығын төмендету кәсіпорынның табыстылығын жоғарылатудың резервтері болып табылады.

2002 жылы өткізілген өнімнің 1 теңгесіне шаққандағы шығындар деңгейі

	Өткізілген өнімнің (жұмыстардың, тардың, қызметтер көрсетулердің) өзіндік құны	Өнімді (жұмыстарды, қызметтер көрсетулердің) өткізуден түскен табыс	Өткізілген өнімнің 1 теңгесіне шаққандағы шығындар деңгейі
	млн. теңге	теңге	
Барлығы	1970993,6	3211898,1	0,61
Ауыл шаруашылығы, аң аулау, орман шаруашылығы	68687,6	75337,2	0,91
Кен өндіру өнеркәсібі	530423,3	1185646,8	0,45
шикі мұнай және табиғи газ өндіру	383218,9	973496,2	0,39
Өңдеуші өнеркәсіп	526538,1	773500,9	0,68
тағам өнімдерін, оның ішінде сусындар және темекі өндіру	124053,5	163793,1	0,76
тағам өнімдерін, оның ішінде сусындар өндіру	104989	131017,6	0,80
темекі бұйымдарын өндіру	19064,5	32775,4	0,58
мұнай өнімдерін өндіру	35920,8	58423,5	0,61
ядролық материалдар өндіру	10071,5	12170,8	0,83
химия өнеркәсібі	14138,2	16582,6	0,85

басқа да металл емес	21016,9	27411,1	0,77
минералдық өнімдерді		өндіру	
қара металл қорытпаларын	75957	122015,4	0,62
өндіру			
түсті металдар өндіру	130453	238586	0,55
машиналар және жабдықтар	19565,6	24029	0,81
шығару			
Электр энергиясын, газ	159056,9	185563,2	0,86
және су өндіру мен бөлу			
Құрылыс	168742,8	198873,7	0,85
Көлік және байланыс	314160,6	476446,8	0,66
Қаржы қызметі	2758,6	5790,5	0,48

Алынған көзі: Қазақстан Республикасының статистика жөніндегі агенттігі

2. Бағдарламаның мақсаттары, міндеттері және оны жүзеге асыру қағидаттары

Индустриалдық саясат дегеніміз мемлекеттің бәсекеге түсуге қабілетті және тиімді ұлттық өнеркәсіпті қалыптастыру үшін кәсіпкерлікке қолайлы жағдайлар жасауға және қолдау көрсетуге бағытталған шаралар кешенін білдіреді.

Индустриалдық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасы 2010 жылға дейінгі кезеңге арналған Стратегиялық жоспарда белгіленген мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз етуі, сондай-ақ одан кейінгі жылдары қазақстандық экономиканың сервистік-технологиялық бағыттылығын қалыптастыру негіздерін құруы тиіс.

Бағдарламаның басты мақсаты шикізаттық бағыттан бас тартуға ықпал ететін экономика салаларын әртараптандыру жолымен елдің тұрақты дамуына қол жеткізу; ұзақ мерзімді кезеңде сервистік-технологиялық экономикаға өту үшін жағдай жасау болып табылады.

Өңдеуші өнеркәсіпте және қызмет көрсету саласында бәсекеге түсуге қабілетті және экспортқа негізделген тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді өндіру мемлекеттік индустриалдық-инновациялық саясаттың басты нысанасы болып табылады.

Бәсекеге түсу қабілеті дегеніміз қазақстандық кәсіпорындардың экспортқа шығарылатын өнімдерді өндіру қабілетін білдіреді. Басқаша айтқанда, өңдеуші өнеркәсіптің өнімі осындай әлемдік стандарттарға сәйкес келуі керек және баға бойынша бәсекелесуге қабілетті болуы тиіс.

Экономиканың шикізаттық секторын дамыту Үкіметтің салалық және секторлық бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады.

Бағдарламаның міндеттері:

өңдеуші өнеркәсіпте орташа жылдық өсу қарқынын 8-8,4% мөлшерінде қамтамасыз ету, 2000 жылмен салыстырғанда 2015 жылы еңбек өнімділігін кемінде 3 есе арттыру және ЖІӨ энергия сыйымдылығын 2 есе төмендету;

өңдеуші өнеркәсіптің негізгі қорларының өнімділігін арттыру;

жеке секторды бәсекелестік артықшылықты өндіру мен жетілдіруге және қосылған құны барынша жоғары элементтерге жылжи отырып, нақты өндірістерде қосылған құн бөлігіндегі элементтерді игеруге ынталандыратын кәсіпкерлік ахуалды, қоғамдық институттардың құрылымы мен мазмұнын қалыптастыру;

ғылымды көп қажет ететін және жоғары технологиялық экспортқа негізделген өндірістер құруды ынталандыру;

елдің экспорттық әлеуетін қосылған құны жоғары тауарлар мен қызметтердің мүддесіне қарай әртараптандыру;

сапаның әлемдік стандарттарына көшу;

дүниежүзілік ғылыми-техникалық және инновациялық процестерге қосылу арқылы әлемдік шаруашылық жүйесіне және өңірлік экономикаға ықпалдасуды үдету болып т а б ы л а д ы .

Осы міндеттерді шешкенде ғана, экономика құрылымы түбегейлі сапалық өзгерістерге ұшырағанда, ол әртараптандырылған кезде Қазақстандағы тұрақты экономикалық даму туралы айтуға болады.

Бағдарлама мынадай қағидаттарға негізделеді:

жеке сектормен серіктестік орнату;

инвестициялық және инновациялық ұсыныстардың өнеркәсіптің шикізаттық емес салаларында өндірілетін тауарлар мен қызметтердің бәсекелестік қабілетін арттыруға б а ғ ы т т а л у ы ;

өнеркәсіпті жаңғыртуға, оларға қолдау көрсету жөніндегі рәсімдердің жариялылығы мен ашықтығына бағытталған жобаларды іске асыруға мемлекеттік қаржылық және өзге қолдау көрсету;

қосылған құн тізбегінің дамуын қамтамасыз ететін салаларға мемлекеттік қолдау көрсету шараларының кешенділік сипаты;

тепе-тең бәсекелестік жағдайларды және кінәратсыз бәсекелестік ортаны қалыптастыруды қамтамасыз ету;

қандай да болсын жеңілдіктерден және жеке сипаттағы преференциялардан бас т а р т у ;

индустриалдық саясаттың бәсекелестік артықшылықтарды қалыптастыруға б а ғ ы т т а л у ы .

Аталған қағидаттар сақталғанда және экономика құрылымында түбегейлі сапалық өзгерістер болғанда, ол әртараптандырылған кезде алға қойылған мақсаттар мен

міндеттерді шешу Қазақстанда тұрақты экономикалық дамуға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

3. Индустриалдық-инновациялық саясаттың басымдықтарын анықтау

Барлық әлеуетті бәсекеге қабілетті, оның ішінде экономиканың шикізаттық емес бағытындағы салаларда іске асырылатын экспортқа бағдарланған өндірістер индустриалдық-инновациялық саясаттың басымдықтары болып табылады. Ұзақ мерзімді стратегиялық міндеттерді шешу мақсатында ғылымды көп қажет ететін және жоғары технологиялық өндірістерді дамыту үшін жағдайлар жасауға ерекше көңіл бөлу қажет.

Бұл көзқарас экономиканың түрлі салаларындағы кәсіпкерлер үшін жұмыс істеп тұрған өндірістерді техникалық және ұйымдық жағынан жетілдіруге және экспорттық бағыттағы өнімнің жаңа түрлерін шығаруға кедергі жасамайды.

Нақты ұсыныстар жеке секторда туындауы тиіс, ал екінші деңгейдегі банктер және құрылатын инвестициялық мемлекеттік даму институттары осындай ұсыныстарды жеке сектормен әріптестіктік қарым-қатынаста ықтимал іске асыру мақсатында арнайы әдістемелер негізінде оларға талдау жасайды.

Нарықтық экономикалы елдердің, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңдары бюджет қаражатын жеке кәсіпорындарға қаржы және инвестициялық қолдау көрсетуге жұмсауға тыйым салады. Осыған сәйкес нақты жеке компанияларға қаржылық қолдау көрсету мемлекеттік сыбайлас жемқорлықтың көрінісі ретінде бағаланады. Тәжірибе осындай көзқарастың дұрыстығын көрсетті.

Әдетте, мемлекет нақты компанияларға тікелей қаржылық қолдау көрсете алмайды және онымен айналыспауға тиіс, бірақ экономиканың бәсекелестік қабілетін арттыру мәселелерінде, жеке кәсіпорындарды жаңғыртуға, инновациялық процестерге қатысуға және осы арқылы өзінің өндірістік және бәсекелестік әлеуетін құруға және жақсартуға итермелеуде катализатор және бастамашы болуы мүмкін және болуы тиіс.

Ұсыныстарға баға беру жөніндегі жұмысқа отандық және шетелдік мамандар тартылатын болады.

3.1. Индустриалдық-инновациялық саясаттың басымдықтарын анықтау әдістері

Әлемдік тәжірибе көрсеткеніндей, нарықтық экономикалық мемлекет экономикада құрылымдық өзгерістерді жүзеге асыруда жеке сектормен ынтымақтастық орната алады. Осындай ынтымақтастықтың неғұрлым сәтті мысалдары Жапонияда, Оңтүстік Кореяда, Малайзияда және соңғы отыз жылда өздерінің экономикалық даму саласында ірі бетбұрыс жасаған басқа да елдерде бар.

Қазіргі Қытай индустриалдық дамудың стратегиялық бағыттарын дамыту саласында жеке сектормен ынтымақтасу саясатын жүргізуде.

Әлемдік Банктің зерттеулері мемлекеттік индустриалдық саясатқа барлық көзқарастар кең ауқымды үш санатқа: инвестицияларды үйлестіруге, іскерлік ынтымақтастықты дамытуға және рыноктың орнын басуға тоғыстырылуы мүмкін екендігін көрсетті.

Инвестицияларды үйлестіру жөніндегі бастамалар. Жеткілікті дамымаған рынок жағдайында фирмалардың өндірістің кеңеюіне қарай қалыптасатын жаңа және барынша сапалы сұраныстың көлемін бағалауға мүмкіндігі болмайды. Мемлекет инвестициялық жобаларды бірлесіп жүзеге асыру кезінде ғана компанияларға пайда түсіретін инвестицияларды үйлестіру функциясын өз мойнына алады.

Инвестицияларды үйлестірудің осы үлгісін қолдану мемлекеттік және жеке институттарда белгілі бір әлеуеттің болуын көздейді, оған көптеген дамушы елдердің қолы жетпейді.

Іскерлік ынтымақтастықты дамыту жөніндегі бастамалар. Іскерлік ынтымақтастық жөніндегі белсенді мемлекеттік саясат шеңберінде бастамалар кәсіпкерлермен мынадай бағыттарда іскерлік қарым-қатынасты нығайтуға тікелей бағытталуы мүмкін:

сатып алушылардың мамандандырылған санаттары жаңа нарықтық сатылар қалыптастырады және өнім стандарттары бойынша ақпарат көзі болып табылады;

жабдықтарды жеткізушілер олармен бірге өндірістік тәжірибе жинайды;

ресурстарды жеткізушілер өндірістің жаңа идеялары мен әдістерінің пайда болуына ықпал етеді, ал бәсекелестер жаңа идеялардың қайнар көзі болып табылады.

Фирмалар, сатып алушылар, жабдықтар мен ресурстарды, қызметтер көрсетуді жеткізушілер топтары, салалық қауымдастықтар, конструкторлық бюролар және кооперация қағидаттарымен жұмыс істейтін басқа да мамандандырылған ұйымдар сол бір аймақтың шеңберінде бірлесіп жұмыс істейді.

Рыногы жеткілікті деңгейде дамымаған елдерге рынокты тереңдетудің және іскерлік ынтымақтастықты дамытудың жинақтаушы процесін қозғалысқа келтіру үшін катализатор (өзінің табиғаты ол мемлекеттік немесе жеке болуы мүмкін) қажет болуы мүмкін.

Бұған үш түрлі айқын мысал бар.

Олардың біріншісі - экспортты қолдау жөніндегі арнайы шаралар. Экспорттық рыноктағы жұмыстар фирмаларға халықаралық тәжірибенің ең озық үлгілерімен танысуға мүмкіндік беріп, оқып үйренуге және өнімділікті арттыруға ықпал етеді. Ол сондай-ақ үкіметтің өнеркәсіпті дамытуға ықпал ету шаралары тиімділігінің пайдалы индикаторы болуы мүмкін. Көптеген елдерде экспорттаушыларға мақсатты кредит беріліп, экспортқа ықпал ететін ұйымдар құрылды. Алайда, осы шаралар Шығыс Азия елдерінде ғана нәтиже берді, ал басқа жағдайларда шығындар өздерін өтемеді. Сонымен қатар экспортты қолдаудың басқа да шаралары қолданылды, бірақ олардың барлығы кері нәтижеге әкеп соқтырды.

Шаралардың екінші түрі жергілікті инфрақұрылымды: материалдық, еңбек және институционалдық инфрақұрылымды күшейтуге бағытталған. Оңтүстік Кореядағы даму жағынан бір кезде мешеу қалған Чолла ауданының тарихы жергілікті инфрақұрылымның қаншалықты әсер ете алатынының айқын көрінісі болып табылады. 1983 жылы осы оңтүстік өңірде алғаш рет ірі өнеркәсіптік аймақ құрылды. Оның нәтижелілігі жоспарлау, қаржыландыру, осындай объектілер салу және оларды басқару дағдыларын алған жергілікті органдардың үйренуінің кумулятивтік процесін қозғалысқа келтірді, сөйтіп көп кешікпей тағы үш аймақ құрылды. Бұл сондай-ақ іскерлік ортаның жедел өзгеруіне ықпал етті: бұрын әуре-сарсаңға және басқа да бюрократтық тосқауылдарға тап болған ол жергілікті үкімет пен жеке сектордың тығыз ынтымақтастық орнату және іс-қимылдарын үйлестіру саласына айналды. 1991 жылы осы ауданның үлесіне елдегі өнеркәсіптік құрылыс алаңдарының 15 проценті келді (1978 жылғы 9 процентпен салыстырғанда), ал өнеркәсіптік өндірістің даму қарқыны ел бойынша орташа көрсеткіштен де асып түсті.

Үшіншіден, аралас әріптестік (мемлекеттің де, жеке сектордың да қатысуымен құрылатын) ұйымдары барған сайын танымал болып келеді, бұл ретте мемлекеттік әріптес жергілікті немесе өңірлік үкіметтен таңдап алынуы мүмкін.

Рынокты алмастыр. Көзқарас үкіметтің рынокты толық ығыстырып шығару әрекеттерімен байланысты. Өнеркәсіптік өсуге серпін беру үшін мемлекеттер нарықтық бағалауды ақпаратпен және мемлекеттік секторда жинақталатын бағалармен ауыстыру ырқына бой ұрады. Мұндай күш-жігер сирек нәтиже береді.

Филиппиннің 70 жылдардың соңы мен 80 жылдардағы тәжірибесі жеке кәсіпкерлердің беделді топтары үкіметке күшті ықпал еткен кезде не болуы мүмкін екенін көрсетті.

Өзінің одақтары үшін ел ішінде бизнес жүргізу үшін жаңа мүмкіндіктер туғызу ниетімен 1979 жылы Филиппин үкіметі \$5 миллиард сомаға "ірі индустриалдық жобалардың" жаңа бағдарламасы туралы хабарлады (олардың барлығы капиталды көп қажет ететін ауыр өнеркәсіпте жүзеге асырылды). Бір жылдан кейін бағдарлама қарсыластарының қысымымен үкімет осы жобаларға қайтадан экономикалық және қаржы сараптамасын жүргізуге келісті. Көп кешікпей бұл процеске саяси және қаржы қайшылықтары өз үлесін қосты. 1987 жылдың соңына қарай алғашында ұсынылған жалпы құны \$ 4 миллиард болатын (\$ 5 миллиардтан) он бір жобаның бесеуі жүзеге асырылмайтын жоба ретінде тоқтатылды. Тұтастай алғанда жалпы құны \$ 800 миллион болатын төрт жоба ғана пайда әкелді.

Әлемдік тәжірибені ескере отырып, Бағдарламаны іске асыру кезінде инвестицияларды үйлестіру және іскерлік ынтымақтастықты дамыту жөніндегі

бастамаларға баса көңіл аударылатын болады. Қаржылық қолдау үлестік қатысу қағидаттары негізінде ғана даму институттары арқылы көрсетілетін болады. Бұл ретте жеке сектор, оның ішінде екінші деңгейдегі банктер негізгі тәуекелдерді өз м о й ы н д а р ы н а а л а т ы н б о л а д ы .

Даму институттары арқылы мемлекет қосылған құнның технологиялық және экономикалық тізбегін (ҚҚТ) дәйектілікпен дамыту арқылы бәсекеге қабілетті өнім шығаратын өндіріс орындарының біртұтас жүйесін құруға бағытталған жобаларға қатысатын болады. Бұл бәсекеге қабілетті өнімнің барлық өлшемдеріне сәйкес келетін түпкі өнім үшін жұмыс істейтін көп салалы кәсіпорындарды құруға мүмкіндік береді.

Қазіргі әлемдік практикада экономика салаларын ҚҚТ ретінде қарастыруға негізделген дамыту стратегиясын әзірлеу және талдау әдісі жасалған және кеңінен қ о л д а н ы л а д ы .

Бұл әдістің мәні әрбір саланы түпкі өнімнің құнын ретімен қосып отыратын өндірістер тізбегі ретінде қарастыруға болатынына келіп саяды.

ҚҚТ арқылы салаларға талдау жасау әдістемесі тізбекте қозғалысқа келтіретін немесе онда басым күштерге байланысты ҚҚТ-ның екі негізгі түрін бөліп көрсетеді. Осыған байланысты ҚҚТ құрылымдық тұрғыдан алғанда тік және жазық тізбектер б о л ы п б ө л і н е д і .

ҚҚТ жазық құрылымдарындағы экономикалық белсенділік, әдетте, бір компанияның шеңберінде шоғырланады. Мәселен, бір компанияның өзі-ақ шикізат өндіреді, оны ұқсатады, өз бетімен қосалқы бөлшектер шығарады және өнімді жинайды .

ҚҚТ жазық құрылымдарында белсенділік көптеген шаруашылық жүргізуші субъектілері бойынша бірдей етіп бөлінген: компаниялардың біреуі өнімнің дизайнымен айналысады, басқалары жинақтаушы бөлшектерін шығарады, үшіншілері о л а р д ы ж и н а й д ы .

Әдетте, өндірушілер басым жерде ҚҚТ тік құрылымды болады, ал сатып алушылар басым жерлерде жазық құрылымды болады.

Тұтастай алғанда, кім ҚҚТ-ға барынша әсер етсе, ең үлкен қосылған құнды сол а л а д ы .

Автомобиль саласының қазіргі ҚҚТ автомобильдің қосалқы бөлшектері мен бөлшектерін шығарушылардан, автомобильді әзірлеп шығаратын (дизайн) және жинайтын кәсіпорындардан, сондай-ақ дистрибьюторлардан тұрады. Бұл ретте машиналар жинайтын кәсіпорындар тізбекке негізінен ең жоғары қосылған құнды алу ны с а н ы н д а б а р ы н ш а з о р ы қ п а л е т е д і .

Киім тігу ҚҚТ сатып алушылық ҚҚТ-ның айқын мысалы болып табылады. Ол дизайнерлік фирмалардан, көтерме бағамен сатушылардан, бөлшек сауда дүкендерінен, тоқу фабрикаларынан, шикізатты өндірушілер мен өңдеушілерден және киім тігу

фабрикаларынан тұрады. Осы тізбекте дизайнерлік фирмалар және көтерме бағамен сатушылар төтенше роль атқарады. Олар ең жоғары қосылған құнды алады, сол арқылы нені өндіру керектігін анықтайды. Кейбір елдерде халық табысының өсуі, тауар өндірушілерге қойылатын экологиялық және басқа да талаптардың күшейтілуі қосылған құнды орналастыруға елеулі әсер етеді. Мысалы, Гонконгте жалақының елеулі өскеніне және киім мен аяқ киім шығару индустриясында өзінің бәсекелестік артықшылығын жоғалтып алғанына қарамастан, ел ҚҚТ-дан шығып қалған жоқ. Себебі АҚШ-қа киім мен аяқ киім жеткізуге квота алуда Гонконг компанияларының тәжірибелері мен қажетті байланыстары бар. Егер АҚШ үкіметі квоталарды жойса, қытай компаниялары әлгі өнімді сірә тікелей жеткізумен айналысатын болар.

Өндірістік және сатып алушылық ҚҚТ құрылымы

1. Өндірістік ҚҚТ (автомобиль жасау, компьютерлер, авиация құрылысы, электр машиналары)

(Схеманы қағаз мәтіннен қараңыз)

2. Сатып алушылық ҚҚТ (киім, аяқ киім, ойыншықтар, үй тауарларын шығару)

(Схеманы қағаз мәтіннен қараңыз)

Қазақстан жағдайында өздерінің құрамында кенді өндірумен, оны байытумен, бастапқы және қайталама металл, ілеспе элементтер (алтын, күміс, сирек жер металдары) шығарумен айналысатын өндіріс орындары бар "Қазақмыс" ААҚ және "Қазмырыш" ААҚ ҚҚТ-ның тік құрылымының жарқын мысалы болып табылады. Алайда ҚҚТ осымен үзіліп қалады. Бұдан кейін өнімді өңдеу басқа елдердің компанияларында жүргізіледі, оларға аталған кәсіпорындар ресми түрде қатыспайды, бұл олар алатын қосылған құнды едәуір азайтады.

"Қазақстантрактор" ААҚ ұтымсыз өндірістің мысалы болып табылады. Бұл кәсіпорын шынжыр табанды тракторлар құрастыру үшін негізгі тораптарды басқа кәсіпорындардан сатып алу қағидаты бойынша ұйымдастырылған. Бұл ретте ол осы жинақтаушы тораптар мен бөлшектерді өзінің бәсекелестерінен сатып алады. Сайып келгенде, трактордың түпкілікті бағасы бәсекелестерінікінен үнемі жоғары болып шығады.

Индустриалдық-инновациялық саясатты іске асыру үшін ықтимал бәсекелес өндірістерді, оның ішінде дүниежүзілік рыноктардың даму үрдістері мен жеке сектордың бастамаларын ескере отырып, экономикалық ҚҚТ-ны құратын экспортқа бағдарланған өндірістерді айқындау мақсатында экономика салаларының даму деңгейіне кезең-кезеңмен талдау жасап тұру қажет.

Сонымен бірге Қазақстан салалық ҚҚТ-ларда өзінің орнын табу мақсатында әлемдік және өңірлік рыноктарды зерттеуді күшейтуі қажет. Бұл міндет әлемдік экономикаға, оның ішінде тіпті шикізат секторына қосылуды әуелгіден бастауға тура келетінімен қиындай түседі.

ҚҚТ бүкіл тізбегін қайтадан қалпына келтіруді көтермелеудің қажеттілігі, сірә, бола қоймас, тек қосылған құны барынша жоғары элементтерді немесе әлемдік рыноктарға шығуға және қосылған құны барынша жоғары экономикалық белсенділіктерге одан қадам басуға мүмкіндік беретін элементтерді ғана көтермелеу керек.

Осыған байланысты мемлекеттік қолдау қазіргідей ҚҚТ жекелеген элементтері бойынша ішінара емес, оның барлық негізгі элементтері бойынша кешенді түрде көрсетілуі тиіс. Басқаша айтқанда, қолдау жеке алынған кәсіпорынға немесе салаға емес, тіпті әртүрлі салалардағы, бірақ бірыңғай ҚҚТ шеңберінде өзара байланысқан салалардағы барлық немесе негізгі кәсіпорындар бойынша көрсетілуі керек. Мемлекеттің үйлестіруші және жоспарлаушы қызметі осымен тұжырымдалмақ.

Экономика салаларына және әртүрлі өндірістерге талдау жасау үшін ҚҚТ әдістерін ескере отырып, Маркетингтік-талдама зерттеулерінің орталығын құру қажет.

3.2. Өнеркәсіпті жаңғыртудың басым бағыттарын анықтау үшін отын-энергетикалық кешеннің және экономиканың басқа да базалық салаларының инвестициялық және өндірістік әлеуетін пайдалану

Ірі инвестициялық жобаларды өзінде шоғырландырған және өнімнің әрбір өзгерту сатысында қосылған құны мөлшерін арттыру арқылы технологиялық тұрғыдан бірнеше қайтара өзгертуге болатын өнімдер шығаратын өндіріс орындары ҚҚТ әдісі бойынша бәсекеге түсуге қабілетті және экспортқа бағдарланған өндірістерді дамыту мен қалыптастыру үшін өріске немесе базаға айналуы тиіс.

Іс жүзінде барлық мұнай экспорттаушы елдерді дерлік өз экономикасын әртараптандыру проблемасы алаңдатады. Дүние жүзінде осы бағытта біраз тәжірибе жинақталған.

Мұнай экспорттаушы елдерде экономиканы әртараптандырудың басты бағыттары

Таяу Шығыс елдерінде болашақ экономикасының негіздерін қалау мынадай бағыттар бойынша дамып келеді:

1. Шаруашылықты әртараптандыру;

2. Шетелде капиталды ұзақ мерзімді және сенімді түрде орналастыру жөніндегі ауқымды қаржы-инвестициялық қызмет жүргізу. Жергілікті экономиканың әртараптандырылуы өндірістік салада да, өндірістік емес салада да жүруде.

Осыған ұқсас басқа да көптеген елдердегідей өндірістік күштерді әртараптандырудың бірінші бағыты - ресурстық-экспорттық кезеңдердің "жоғарғы қабаттарын" дамыту. Бұл елдер шикі мұнай мен газды экспортқа шығарудан мұнай өнімдерін және мұнай мен газ химиясы өнімдерін экспорттауға көшуге ұмтылуда. Мысалы, Кувейттегі МӨЗ-дердің қуаты өндірілетін мұнай көлемінің 90%-ке жуығын құрайды, ал мұнай өнімдерін экспортқа шығарудан түсетін табыс шикі мұнайды экспортқа шығарудан түсетін табыстан асып түседі.

Сондай-ақ отын экспортын энергияны көп қажет ететін өнімдер (импорттық

кендерден балқытылған алюминий, болат, олардың құнының елеулі бөлігін жергілікті мұнай немесе газ құрайды) экспортымен ішінара орнын басу үрдісі байқалады.

Аса ірі мұнай өңдеу және мұнай-химия кешендері Сауд Арабиясында - Эль-Джубайль (Парсы шығанағы жағалауында) мен Янбуда (Қызыл теңіз жағалауында, мұнда шикізат Петролайн мұнай құбыры арқылы жеткізіледі), Кувейтте - Эш-Шуайбада, астанадан оңтүстікке қарай 40 км. жағалауда, БАЭ-да - Рувайс (Абу-Даби эмиратында) және Катарда - Умм-Сайдта дамуда.

Өндірістік күштерді әртараптандырудың бұған "қарсы" бағыты импорттық шикізат пен бөлшектерден негізінен тұтыну бұйымдарын шығаратын өңдеуші өнеркәсіптің шағын және орта кәсіпорындарын дамытуды ынталандырумен байланысты.

Өңдеуші өнеркәсіпті орналастыру үшін жақсы жабдықталған парктер құрылуда, бұған шетелдік кәсіпкерлер түрлі жолдармен (қыруар жеңілдіктермен және мемлекеттік субсидиялармен) тартылады. Мұнай экспорттаушы бай елдер трансұлттық корпорациялардың (ТҰК) каналдары арқылы шикізат, қосалқы бөлшектер, жабдықтар, жинақтаушы элементтер және әсіресе технологиялар жеткізуге мүдделі.

Жергілікті капиталдың кемінде 50 % қатысуымен құрылатын аралас кәсіпорындар, сондай-ақ қызметтің акционерлік емес нысандары: лицензиялық келісімдер, кадрлар даярлау, басқару мен жарнамада көмек көрсету, "дайын күйінде" келісім-шарттары, инжиниринг ТҰК-нің рынокқа енуінің өзіне тән нысандарына айналды.

Өндірістік күштердің құрылымын әртараптандыру бағыттарының көпшілігі сайып келгенде мұнайға негізделеді. Мұнайдан кейінгі экономика мұнайдың бұғауында қалып қоюда. Шетелдік туризмнің, әсіресе қаржы саласының қауырт дамуы мұнайға (мұнай долларының өңірлік массасымен өте тығыз байланысты болғанына қарамастан) онша тәуелді емес сала болып табылады.

Аса бай мұнайды экспорттаушы монархиялар батыс экономикасына инвестиция бөлу ісінде тамаша жетістіктерге қол жеткізді. Олар капиталды жай ғана процентпен орналастырудан белгілі бір бағытта салымдар жасауға, ТҰК құрылымына (акциялардың айтарлықтай пакеттерін сатып алу нәтижесінде) еруге көшті.

Біріккен Араб Эмираттарында (БАЭ) экспорттың негізгі құраушылары - мұнай және табиғи газ. Экспорттық табыстың мұнай құраушысы жылына 9,3 млрд. долларды құрайды (жалпы экспорт табысының 78%).

1998 жылғы көмірсутектер бағасының құлдырауы болжамдарға қарамастан Эмираттардың экономикасына көршілес "мұнай монархтары" (Сауд Арабиясы, Кувейт, Оман және Катар) экономикасына сияқты айтарлықтай кері ықпал етпеді. Оның үстіне дағдарыс сынағы сонау 90 жылдардың орта шенінде-ақ өз экономикасын әртараптандыруға бағыт ұстанған БАЭ жаһандық стратегиясының дұрыстығын қуаттап берді.

Содан бері мұнаймен байланысты емес салалардың ЖІӨ-дегі үлесті салмағы ұдайы

өсуде. Бұл ең алдымен көтерме және бөлшек сауда (оның үлесі ЖІӨ-де 20 %-тен асып түсті), өзінің өңдеуші өнеркәсібін дамыту (ЖІӨ-дегі оның үлесі өткен жылы 5-тен 11 %-ке артты), шетелдік туризм, әлбетте көлік-коммуникациялық тораптар. Мысалы, Дубайдың халықаралық әуежайының қызметін 1999 жылы 10,7 млн. жолаушы пайдаланды, бұл 1998 жылмен салыстырғанда 10,5 % артық. Сауд Арабиясының шетелдік инвестицияларының көлемі енді жүздеген миллиард доллармен есептеледі, мұның басым бөлігі АҚШ-қа бағытталады. Мексика, Венесуэла және Канада тарапынан бәсекелестікке қарамастан, Сауд Арабиясы АҚШ және Жапония үшін басты мұнай экспорттаушы болып қалуда.

Кувейт British Petroleum, General Motors, IBM, Kodak, Total, Sony сияқты және т.б компанияларды қоса алғанда, ондаған британ, канада, американдық, батыс еуропа және жапон компанияларының тең иегері болып табылады. Кувейт өз аумағындағы үш МӨЗ-ден басқа Данияда, Нидерландта және Италияда - үш еуропалық зауыттарға иелік етеді. Кувейттің меншігінде Данияда, Швецияда, Ұлыбританияда, Италияда және Норвегияда орналасқан мыңдаған автомай құю станциялары, батыс еуропалық ірі әуежайларында он авиамай құю станциясы бар.

25 меншікті танкерлерден тұратын флоты бар Кувейттің өндірілетін мұнайдың едәуір бөлігі үшін бүгінде өзінің өткізу желісі (өндіруден соңғы тұтынушыға сатуға дейінгі бүкіл сатысы) бар. Кувейттің дамыған капиталистік елдердегі шетелдік инвестициялары кемінде 100 млрд. долларды құрайды.

Шетелдік капитал салымдарынан түсетін пайда барған сайын валюта табыстарының маңызды көзіне айналуда.

Мұнай және мұнай әкімдеріне конъюнктура өзгерістерінің әсерін төмендету мақсатында аса ірі мұнай экспорттаушы елдер соңғы он жылдықта мұнай экспорттаудан алынатын табысты қайта бөлу есебінен экономиканың өндірістік құрылымын жетілдіру жөніндегі шараларды іске асыруда. Осымен бір мезгілде дамыған елдер экономикасынан табыс алу мақсатында басқа елдерге капитал экспорттау жұмысы жүргізілуде.

Қазақстанда мұнай-газ өнеркәсібіне жылдан жылға көбейіп келе жатқан инвестициялар көлемі экономика құрылымын әртараптандыруға қолайлы орта болып табылады.

Осыған байланысты, Каспий теңізінің қазақстандық секторын (КТҚС) игеру индустрияны дамытудың негізгі қозғаушы "локомотивтерінің" бірі болып табылады, алдын ала бағалар бойынша көмірсутектердің жалпы қоры 8,0 млрд. тоннаны құрайды, ол күтіліп отырғандай, Қазақстанда көмірсутектер өндірудің неғұрлым елеулі өсімін қамтамасыз етеді.

Перспективада шельфтегі кен орындардан мұнай өндіру жылына 150-200 млн. тоннаға жетіп, 25-30 жыл бойы осы деңгейде тұруы мүмкін.

Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі тұзды кен орындары мұнайда шамамен 60 %

көлемінде ерітілген газдың жоғары құрамы болуымен сипатталады. Қашаған кен орнының мұнайында ғана алынатын газдың қоры Қарашығанақ кен орнының қорымен ғана теңесуі мүмкін деп күтілуде.

Тұтастай алғанда Қазақстанның орта және ұзақ мерзімді перспективасында ОЭК-інің дамуы КТҚС-ның дамуымен айқындалатын болады, өйткені 2006 жылдан кейін оншорлық кен орындарында өндірудің өсуі шамалы болады.

Каспий өңірі көмірсутегін өндірудің өсуіне, магистральдық, оның ішінде экспорттық мұнай және газ құбырларын, жүктерді сақтау және ауыстырып тиеу үшін теңіз порттары мен порт құрылыстарын, мұнай құятын және газ толтыратын темір жол терминалдарын салуға, электр энергетикасында және телекоммуникациялық инфрақұрылымда жаңа қуаттарды енгізуге байланысты Қазақстанның жалпы экономикалық серпініне едәуір көлемде әсер ететін инвестициялық және өндірістік белсенділіктің қуатты өсуін бастан көшіретін болады.

Каспийде көмірсутегін өндірудің дамуы мұнай-химия индустриясы үшін отандық шикізат базасының қалыптасуына жағдай жасайды. Ірі инвесторларды тарта отырып, Қашаған кен орнының өнеркәсіп аймағының маңында ілеспе табиғи газды ұқсату жөніндегі мұнай-химия кешенін салу жоспарлануда. Кешен мұнай-химия өнімдерінің сұйық және бастапқы компоненттерінің кең бөлігін - этан, пропан, бутан, гексан, этилен, пропилен, ацетилен, бензол, ксилол және басқаларын және олардың негізінде пластикалық массалар мен эластомерлер алуға мүмкіндік береді.

Алдағы он бес жылда Қазақстан мұнайын өндіруді дамытуға инвесторлар 80 млрд. АҚШ долларынан астам қаржы салуға ниет білдіруде. Бұл қаражат іске қосылатын кәсіпорындардың жұмысын қамтамасыз ететін өндірістік, инфрақұрылымдық және әлеуметтік объектілер құруға жұмсалатын болады.

Аталған инвестициялық жұмсалымдар тауарлар мен қызметтер көрсетулердің кең түріне сұраныс тудырады, олардың бір бөлігі Қазақстан жағдайы үшін уақытша сипатта болады, ал басқа бөлігі өндірістер құруға бағытталатын болады, олар мұнай қорлары сарқылғаннан кейін де сыртқы және ішкі рыноктарда талап етілетін болады.

Мысалы, Каспий жағалауының инфрақұрылымын дамыту демалыс және ойын-сауық индустриясын құру үшін, теңіз порттары - жүктерді тасымалдау жөніндегі көлік шығыстарын азайту үшін, машина жасау зауыттары - баржалар, жүк, кәсіпшілік және әскери кемелер, жабдық пен тұрмыстық техниканың кең ассортиментін шығару және т.б. үшін алғы шарт жасайды.

ҚҚТ дамыту бөлігінде шикізатты ұқсатуды тереңдетудің жақсы перспективалары бар.

Мұнай мен газды ұқсатуды тереңдету іс жүзінде экономиканың барлық салалары мен тұрмыста пайдаланылатын полимерлік бұйымдардың шамамен 200 түрін шығаруға мүмкіндік жасайды. Осы бағытта ҚҚТ-ны дамыту көп салалы трансұлттық корпорация құруға жағдай жасайды.

ҚҚТ-ны дамыту үшін металлургия өнеркәсібінде жақсы перспективалар бар. Қазақстанда Д.Менделеевтің периодтық жүйесінің 100 шақты элементін қамтитын минеральдық рудалардың қорлары бар, одан КСРО тұсында оның 74 элементі өнімінің алуан түріне пайдаланылады. Қазақстанның түсті металлургия өнімі ғылымды көп қажет ететін және жоғары технологиялық тауарларды шығару кезінде - ғарыш аппараттарын, қару-жарак, электр техникасын жасауда пайдаланылды.

Қазақстанда түсті, асыл және сирек кездесетін жер металдары кең гаммасын күрделі және қоры аз рудалардан, рудалық атжалдардан, металлургиялық шлактар мен қайта өңдеу қалдықтарынан алу жөніндегі ғылыми-инновациялық әзірлемелерді түсті металлургия кәсіпорындарында енгізудің осы саласында да зор ғылыми әлеуеті және тәжірибесі де бар. Металлургиялық қалдықтар мен руда үйірлерін ұқсату жөніндегі жаңа технологияларды енгізу орта мерзімді перспективада жоғары қосылған құн өнімін алуға мүмкіндік береді.

Қазақстанға ірі инвестициялардың келуі түсті металлургия, химия және жиһаз өнеркәсібінің өнімдеріне және т.б. сұранысты тудырады. Осының бәрін мұнай мен газды және металдарды өңдеуді тереңдету есебінен Қазақстанда шығаруға болады және болашақта бұл өнім әлемдік рынокта өз орнын таба алатын болады.

Қазақстан астықтың әлемдік ірі өндірушілерінің бірі болып табылады. Астық өңдеу процесін тереңдету көп салалы ҚҚТ-ны құрудың негізгі базасы болуы мүмкін. Осындай тізбені дамытудың бағыттары астықты өңдеуін технологиялық процесін кеңейтуден де, жемшөп өндіру, мал шаруашылығы мен ет пен сүт өнімін шығаруды дамытудан да көрінеді. ҚҚТ-ға сондай-ақ элеваторлар да, ауыл шаруашылығы техникасы мен минералдық тыңайтқыштарды шығару жөніндегі зауыттар да, табиғи тағам бояғыштарын, фармацевтикалық бұйымдарды, биотехнологиялар өнімдері мен басқаларын шығару жөніндегі кәсіпорындар да кіреді.

Экономика құрылымын және қазақстандық экономиканың экспорттық бағытын әртараптандырудың аталған бағыттары әлеуетті тұрғыдан басым бағыт болып табылады. Алайда ұсынылып отырған жобаларды іске асыруға мемлекеттік қолдау көрсету жөніндегі түпкілікті шешімді ҚҚТ әдісі бойынша аталған өнімдерді неғұрлым терең өңдеудің бөліктеріндегі дамуда мүмкін болатын бәсекелестік артықшылықтарды егжей-тегжейлі талдаудан кейін ғана қабылдау қажет.

ҚҚТ әдісі бойынша экономиканың басым салаларын айқындау кезінде ҚҚТ-ның одан әрі дамуын көздейтін бірлескен өндірісті ұйымдастыру мәніне ТҰК өңірлік өкілдерімен экономикалық ынтымақтастықты қамтамасыз ету қажет.

3.3. Ғылымды көп қажет ететін және жоғары технологиялық өндірістер құру саласындағы әлеуетті басымдықтар

Қазіргі экономикалық дамудың негізгі сипаттамаларының бірі уақыттың белгілі бір кезеңінде озық ғылыми-технологиялық әзірлемелердің негізінде жасалған технологияларды кезең-кезеңімен ауыстыру процесімен белгіленген оның әрқелкі

сипаты болып табылады. Технологиялық тәртіптерді ауыстыру сәтінде осының алдындағы кезеңде көшбасшылықта болған елдер капиталдың құнсыздануына және бұрынғы өндірістерде істеген қызметкерлердің біліктілігін жоғалтуына тап болады. Жаңа өндірістік-технологиялық жүйені қалыптастыруда жетістіктерге қол жеткізіп үлгерген елдер дәстүрлі жұмсау салаларынан сырғып бара жатқан капиталды тарту орталықтарына айналу да.

Бағдарлама индустриядан кейінгі дамудың перспективалы бағыттарында ғылыми-техникалық, инновациялық және өндірістік әлеуетті ұлғайтуға бағытталған, ол болашақта қағидатты бәсекелестік артықшылықтарды алуға жәрдемдесуге тиіс.

Негізгі бағыттары мыналар болуы тиіс:

1. Жоғары технологиялық өндірістер қалыптастыруға, оның ішінде шетелдік те, салааралық та технологиялар трансфертінің тиімді жүйесін құруға жәрдемдесу;

2. Жоғары ғылыми-технологиялық әлеуеті бар ғылыми-техникалық және өнеркәсіптік ұйымдар мен кәсіпорындар желісі бар қалаларда қазіргі заманғы ғылыми және инновациялық инфрақұрылымдық қазіргі заманғы элементтері қызметін (технопарктер, ұлттық ғылыми орталықтар, ғылыми-технологиялық аймақтар және с.с.) құру;

3. Индустриядан кейінгі экономика тұрғысынан алғанда озық салаларды дамытуда қолда бар ғылыми-техникалық әлеует салаларын пайдалану.

Қазақстан қазірдің өзінде мына салалардағы әзірлемелер негізінде ғылымды көп қажет ететін өндірістерді дамыту үшін белгілі бір ғылыми базаға ие, оның ішінде:

биотехнологиялар (ауыл шаруашылығы дақылдары мен жануарлардың жаңа сұрыптары мен генотиптері, бактериялардың штамдары және басқалары);

ядролық технологиялар;

ғарыштық технологиялары;

жаңа материалдар, химиялық өнімдер және басқаларды жасау;

химия өнімдері және басқалары.

4. Мынадай қазіргі заманғы ғылыми-техникалық бағыттар саласында зерттеулер жүргізу үшін қажетті жағдайлар жасау:

жаңа материалдар мен химиялық технологиялар;

аппараттық технологиялар.

5. Ғылыми-техникалық және өндірістік ұйымдар мен кәсіпорындардың инновациялық қызметін ынталандыруға, ғылым мен инновациялар салаларына инвестициялар тартуға, өнеркәсіп пен қызмет көрсету саласына инновациялардың жылдамырақ енуіне бағытталған заң шығару базасын жетілдіру.

4. Мемлекеттік даму институттары

Бағдарламаның маңызды міндеттерінің бірі мақсатты инвестициялық және ғылыми-техникалық бағдарламаларды іске асыру, инвестициялық белсенділікті ынталандыру және инновациялық белсенділікті ынталандыру болып табылады, бұл индустриалдық-инновациялық дамудың қолданыстағы мемлекеттік басқару жүйесін қайта қарауды және белгілі бір дәрежеде қайта құруды қажет етеді.

Бағдарламамен айқындалған мақсаттарға қол жеткізу үшін жаңа мемлекеттік даму институттарын құру және барын, атап айтқанда: Қазақстанның инвестициялық қорын, Қазақстан Даму банкі, Инновация қорын, Экспортты сақтандыру корпорациясын
н ы ғ а й т у қ а ж е т .

Тұтастай алғанда, даму институттары тұрақты жұмыс істеуі орталықсыздандыру, мамандандыру, бәсекелестік және ашықтық қағидаттарына негізделетін бірыңғай жүйені қалыптастыруға тиіс.

Орталықсыздандыру қағидаты жеке сектордың бастамашылықтарын қолдау (қаржылық қолдауды қоса алғанда) көздерінің сан түрлі болуын білдіреді. Іс жүзінде бұл мемлекеттің қаржы және ақпараттық ресурстарды бір ғана даму институтына жұмылдырмайтынын білдіреді. Бұл:

шешімдер қабылдау кезінде ықтимал жүйелік қателерді болдырмауға; бәсекелестікке негіз салуға және соның нәтижесі ретінде қолдау көрсету кезінде неғұрлым ашық саясат жүргізуге;

жеке сектордың бастамашылықтарын неғұрлым терең талдауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Мысалы, егер перспективалы жоба даму институттарының бірінде қолдау таппаса, онда басқасында оны алу мүмкіндігі қалады.

Мамандандыру қағидаты даму институттарының қызметтің белгілі бір операцияларына және/немесе түрлеріне мамандануын білдіреді. Мысалы, Қазақстан Даму банкі жобаларды банктік кредиттеу арқылы; Қазақстан инвестициялық қоры - жарғылық капиталға үлестік (бақылаусыз) қатысу арқылы; Инновациялық қор - гранттар, оның ішінде ғалымдар мен ғылыми мекемелерге гранттар беру және капиталға үлестік қатысу арқылы қаржыландыруға маманданады. Мамандандыру қағидаты даму институттарының мамандандыру шеңберінде қызмет операцияларымен және түрлерімен ғана айналысатынын білдірмейді. Олар өздері үшін негізгі болып табылмайтын басқа операцияларды да (қызмет түрлерін) жүзеге асыра алады. Бұл үшін қызметтің негізгі емес операциялары мен түрлерін жүзеге асырудың лимиттері белгіленді.

Бәсекелестік қағидаты даму институттарының қызметін бәсекелестік негізде жүзеге асыруды білдіреді. Мұндай қажеттілік институттардың көпшілігінің дамудың осы кезеңінде жоқ нарық институттарының сынайын білдіруге тиіс екенімен байланысты. Институттардың білдіретін табиғаты нарықтық табиғат екенін ескере отырып, әуел бастан олардың қызметін нарықтық, яғни бәсекелестік негізде құру қажет. Бәсекелестік қағидаты қандай да бір институттың қызметі нәтижелерін салмақтауға мүмкіндік

б е р е д і .

Ашықтық қағидаты менеджерлердің есептілігі мен жауапкершілігін, қаржы институттарын мақсатты және тиімді пайдалану үшін тиісті бақылауды қамтамасыз ететін дамудың мемлекеттік институттарын корпорациялық басқарудың ашық жүйесін құруды білдіреді. Мемлекет олардың алдына қойылған міндеттерді тиісті іске асыру мақсатында даму институттарының қызметіне қандай-да бір қысымнан қорғауды қамтамасыз етуі тиіс.

4.1. Қазақстанның инвестициялық қоры

Қазақстанның инвестициялық қорының (ҚИҚ) мақсаты Қазақстанда да, шет елдерде де кәсіпорындардың жарғылық капиталына үлестік және бақылаусыз қатысу жолымен жеке сектордың бастамаларына қаржылық қолдау көрсету болып табылады. Қаржылық қолдау көрсету туралы шешім ҚҚТ әдіснамасы бойынша кешенді талдау жасалып, тізбенің неғұрлым маңызды элементтері анықталғаннан кейін жүзеге асырылатын болады. Егер ҚҚТ талдауының тұжырымдары ҚҚТ-да бірқатар өндіріс құру қажеттілігін көрсететін болса, онда барлық қажетті негізгі өндірісті құру көтермеленетін болады. ҚҚТ әдіснамасы бойынша талдау технологиялық және әлеуметтік аспектіде де жүзеге асырылуы тиіс. Бағалаудың басқа өлшемдері жобаның экспортқа бағдар ұстануы немесе импорт алмастыру бағыттылығы болады. Талдау мәні экономиканың шикізат секторына жатпайтын жеке сектордың барлық инициативасы б о л у ы т и і с .

Жобаларды қаржыландыруды жеңілдету үшін, жеке секторда қаражат жетіспеген жағдайда, ҚИҚ жарғылық капиталға (акцияларды сатып алуда) қатысу арқылы, бірақ бақылау пакетін алмай бірлесіп қаржыландыруға қатысатын болады. Оны былай қойғанда, мемлекеттік пакет жоба іске асырылғаннан кейін сатылатыны жөнінде нақты е р е ж е б е л г і л е н у і т и і с .

Бұл ҚИҚ-қа жаңа өндірістер, оның ішінде жоғары технологиялық өндірістер құруда ғана емес, сонымен бірге бағалы қағаздар рыногын дамытуда да ықпал ету мүмкіндігін б е р е д і .

ҚИҚ Қазақстанның даму банкімен қоян-қолтық жұмыс істеуі тиіс. Бұл екі институт банк желісі бойынша жобаларды қаржыландыру және капиталды бастапқы орналастыру бағытында бірін бірі толықтыруы тиіс.

Жақын және орта мерзімді перспективада шетелдік мамандандырылған қаржы ұйымдарын ҚИҚ қызметіне тарту туралы мәселе қаралатын болады. Ынтымақтастық шетелдік мамандарды тартуда бағытында да, ҚИҚ жарғылық капиталына қатысу бағытында да жүзеге асырылатын болады.

4.2. Қазақстанның Даму банкі

Қазақстанның Даму банкінің негізгі міндеттері ұзақ мерзімді және төмен пайызды банк кредиттерін, оның ішінде экспорттық кредиттер беру арқылы, сондай-ақ басқа кредиттік институттар беретін заемдар мен кредиттер бойынша кепілді міндеттемелер

беру арқылы жеке сектор мен мемлекеттің бастамаларына (инфрақұрылымдық жобалар бөлігінде) қаржылық қолдау көрсету болып табылады.

Қаржылық қолдау көрсету туралы шешім ҚҚТ әдіснамасы бойынша кешенді талдау жасалып, тізбенің неғұрлым маңызды элементтері анықталғаннан кейін жүзеге асырылатын болады. ҚҚТ әдіснамасы бойынша талдау технологиялық және жоба үшін өзге де маңызды аспектілерде жүзеге асырылуы тиіс.

Жақын перспективада жарғылық капиталды ұлғайтуды, венчурлық мамандандырылған қаржы, мысалы лизингтік ұйымдарды құру мүмкіндігін көздейтін Қазақстан Даму Банкі институционалдық тұрғыда нығайтылатын болады. Сонымен бірге Даму Банкіне Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде жобаларды қаржыландыру құқығы берілуі мүмкін.

4.3. И н н о в а ц и я қ о р ы

Инновация қоры тіпті дамыған елдердің бәрінде бірдей толық дәрежесінде бола бермейтін нарықтық экономиканың венчурлік функциясын көтермелеуге тиіс. Бұл функция экономиканың информатика, электроника, биотехнологиялар және басқалары сияқты жоғары технологиялық салаларын құру мен дамыту үшін ерекше маңызды. Осыған байланысты қор қызметінің басты мақсаты Қазақстан Республикасында жоғары технологиялы және ғылымды көп қажет ететін өндірістерді дамытуға инновациялық белсенділіктің өсуі ықпал етуі болуы тиіс.

Қордың негізгі міндеттері мыналар болады:

инновациялық инфрақұрылым элементтерін (технополистер мен технопарктерді, ақпараттық-талдамалық орталықтарын және т.б) құруға қатысу;

отандық және әлемдік деңгейдегі ірі венчурлік инвесторлармен бірге венчурлік қ о р л а р д ы құ р у ;

ж а р ғы л ы қ к а п и т а л ға қ а т ы с у .

гранттар беру және жарғылық капиталға қатысу арқылы өнертабыстарға коммерциялық сипат беруге бағытталған қолданбалы ғылыми-зерттеу және инновациялық жобаларға қаржылық қолдау көрсету болып табылады.

Инновациялық қордың гранттарды бөлу туралы шешімі шетелдік ғалымдарды тарта отырып, тәуелсіз ғылыми-техникалық сараптама жүргізгеннен кейін ғана жүзеге асырылуы тиіс. Қаржыландыру үшін таңдалған ғылыми зерттеулер тұтастай алғанда ҚИҚ және Қазақстанның Даму банкі арқылы қаржыландыру шеңберіндегі жобаларға с ә й к е с к е л у і т и і с .

Елдегі венчурлік институттардың кенже қалғанын ескере отырып Бағдарламаны іске асырудың бірінші кезеңінде венчурлік қызметті көтермелеу және реттеу үшін барабар заңнама әзірленетін және қабылданатын болады.

Шетелдік тәжірибе көрсететіндей, ғылыми зерттеулердің барлық түрлерінің жаңа білімдерді жинақтау жүйесінде бірдей мәні бар және қолданбалы ғылыми зерттеулерге ғана арнайы басымдық беру тиімді. Бұдан өзге еңбек пен капиталдың өнімділігін

арттыру, демек экономиканың бәсекелестігін арттыру, дербес ғылыми-техникалық әлеует құрмай және нығайтпай мүмкін емес.

Сондықтан іргелі ғылыми зерттеулерді қаржыландыру мемлекеттік бюджеттен жүзеге асырылатын болады.

Инновациялық қор өз қызметін мемлекеттік ғылыми-техникалық және инновациялық саясат шеңберінде жүзеге асыратын болады.

4.4. Экспортты сақтандыру корпорациясы

Экспортты сақтандыру корпорациясының негізгі міндеті саяси және регулятивтік қатерлерді сақтандыру және қайта сақтандыру арқылы қазақстандық өндірушілердің тауарлары мен қызметтерінің экспортына тікелей жәрдемдесу болады. Экспортты сақтандыру корпорациясы қазақстандық өнімнің экспортын дамыту, ықтимал өткізу рыноктары туралы ақпаратты зерделеу және одан кейін тарату үшін маркетингтік зерттеулер жүргізетін болады. Бұл құрал әлемде жалпы жұрт таныған құрал болып табылады және қаржылық және әкімшілік тұрғысынан алғанда экспорттық транзакцияларды жеңілдетуге тиіс.

5. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары

2015 жылға дейінгі кезеңде Қазақстанда тауарлар өндірісі мен қызметтер көрсетудің өсуі бұрынғысынша тау-кен өнеркәсібін озық қарқынмен дамыту есебінен және ең алдымен, мұнай мен газ өндіруді ұлғайту есебінен қамтамасыз етілетін болады.

Осымен бір уақытта Бағдарламада көзделген өнеркәсіпті жаңарту жөніндегі шаралар іске асырылатын болады.

Осы жағдайда макроэкономикалық саясат төмен инфляцияны қамтамасыз етуге, экспортты және Қазақстанның экономикасына тікелей инвестициялар тасқынын ұлғайту үшін ынталандыру жағдайларын жасауға бағытталатын болады.

Бағдарламаны іске асырудың бірінші кезеңінде инвестициялық және кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға кедергі келтіретін кедергілер анықталатын және оларды жою жөніндегі шаралар қабылданатын, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметті үстемелеу үшін ынталандыру шараларының кешені айқындалатын болады.

5.1. Қаржы рыногын дамыту

5.1.1. Монетарлық саясат

Монетарлық саясаттың мақсаттары экономикалық өсудің жоғары қарқынын сақтайтын инфляцияның төменгі деңгейін қамтамасыз ету, отандық тауар өндірушілерге қолайлы бәсекелестік жағдайын және елдің төлем теңгерімнің тұрақтылығын қамтамасыз ету, банктік пайыздық ставкаларды төмендетуін ынталандыру жолымен банктердің экономиканың нақты секторын кредиттеуінің банктік проценттік ставкаларды төмендетуді ынталандыру жолымен одан әрі өсуі үшін жағдай жасау болмақ.

Монетарлық саясаттың негізгі мақсаты 2003-2004 жылдары орташа жылдық инфляцияны 4-5% шегінде ұстап тұру және оны 2005 жылға қарай 3-5%-ке дейін, ал одан кейінгі жылдары 2-4%-ке дейін азайту болады.

Монетарлық саясаттың негізгі құралдары РЕПО операциялары сияқты ашық рынок операциялары, Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарын шығару және вексельдермен қайта есептеме операциялары болады. Ұлттық Банк РЕПО ставкасы және вексельдер бойынша есептік ставка сияқты өзінің ресми ставкаларының реттеушілік рөлін күшейту жөніндегі шаралар қабылдауды жалғастыра береді және оларды нақты мәндегі әлсіз оң сипатта сақтайтын болады. Бұл ақша-кредит саясатын инфляциялық таргеттеуге көшуге дайындық үшін база болып табылады. Инфляцияны таргеттеуге көшумен жүргізілетін ақша-кредит саясатына сенімді арттыратын алға қойылған мақсатқа қол жеткізу жөніндегі міндеттемелерді қатаң сақтауды қамтамасыз ететін тетік жасалатын болады.

Төлем жүйесі саласында Ұлттық Банк микропроцессорлық карточкалар негізінде Төлем карточкаларының ұлттық банк аралық жүйесін енгізуге баса назар аударатын болады.

Ұлттық Банк алдағы жылдары ЕурАзЭҚ елдерінің орталық банктерімен бірге ЕурАзЭҚ елдерінің ортақ төлем жүйесін ұйымдастыру және қаржы рыноктары интеграциясының басқа бағыттары бойынша жұмысты жалғастыра береді.

Монетарлық саясат қаржы рыногының тұрақтылығын сақтауға, сақтандыру рыногын, бағалы қағаздар рыногын одан әрі дамытуға және банк жүйесін нығайтуға, банктердің экономиканың нақты секторын кредиттеуінің одан әрі өсуі үшін жағдай жасауға, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы жүйесін жетілдіруге жәрдемдесетін болады.

5.1.2. Валюта қатынастарын ырықтандыру

Қазақстан Республикасының қолданыстағы валюталық заңнамасымен белгіленген шектеулер мен кедергілер нарықтық қатынастар дамып келе жатқан елдердің көпшілігіне тән.

Міндет уақыт пен халықаралық практика талаптарына сәйкес валюталық операциялар жүргізу, валюталық операцияларды реттеудің өзге әдістерін қолдану кезінде жекелеген шектеулерді кезең-кезеңмен алып тастауға келіп саяды.

Валюта режимін толық ырықтандыруға 2007 жылы қол жеткізу көзделуде. Қазақстандық тауарлар мен қызмет көрсетулердің бәсекелестігін арттыру мақсатында АҚШ долларымен салыстырғанда теңгенің айырбас бағамын реттеуде Ұлттық Банк тарапынан валюталық реттеу деңгейі біртіндеп кемітілетін болады. Қазақстанның қаржы рыногында шетелдік банктердің қатысуын кеңейту көзделуде.

Қазақстан стратегиялық тұрғыдан алғанда тауарлар, қызмет көрсетулер, капитал экспортына бағдар ұстанған шағын ашық экономика ретінде қалыптасуда.

Экономиканың жаһандануы жағдайында ірі дамыған рыноктар тауарлар мен қызмет көрсетуден гөрі инвестициялар іздестірумен неғұрлым жиі айналысады. Бұл оларға

ұзақ мерзімді табыстардың жаңа көздерін құруға мүмкіндік береді. Егер қазақстандық қаржы ресурстары Қытай мен Ресей сияқты ірі рыноктардың дамуына қатысатын болса, онда бұл кәсіпкерлерге табыстардың тұрақты және сенімді көзіне ие болуға мүмкіндік береді.

5.1.3. Нақты сектордың кәсіпорындарына мониторинг жүргізуді жандандыру

Болашақта ақша-кредит саясатын жетілдіру бағыттарының бірі Ұлттық Банк жүйесінде экономиканың нақты секторы кәсіпорындарының мониторингін одан әрі дамыту болып табылады. Мұндай жұмыс дамыған елдердің орталық банктердің басым көпшілігінің жұмыстар қатарына енеді.

Кәсіпорындардың экономикалық конъюнктурасы мен қаржы жай-күйінің мониторингі тұрақты негізде:

республикалық және аймақтық деңгейлерде қалыптасып отырған қаржы-экономикалық жағдай мен негізгі үрдістердің объективті бағасын; ақша-кредит саясатын ағымдағы кезеңде жүзеге асыру үшін тікелей бағдарлар ретінде жинақтаушы индикаторлар;

экономикадағы, іскерлік циклдың кезеңін ЖІӨ-нің қысқа мерзімді ауытқуларын айқындау үшін озық қарқынды индикаторларды алуға мүмкіндік береді.

Осы ауытқулардың бағыты мен көлемін талдау ақша-кредит және қаржы-бюджет саясатының келісілген шараларымен экономикадағы сұраныс факторларына дер кезінде әсер ету жолымен оларды жою үшін неғұрлым дәлме-дәл бағдарлар береді.

Мониторинг жүргізу, сондай-ақ кәсіпорындардың көместілігін жою жолымен экономиканың нақты және банк секторын одан әрі жақындастыру проблемаларын шешуге жәрдемдесетін болады.

5.1.4. Қаржы рыногының қатысушыларын институционалдық дамыту

2004 жылы қаржы рыногын қадағалау жөніндегі дербес бірыңғай реттеуші орган құру жоспарлануда. Оның шеңберінде барлық қаржы институттарына жедел бақылау жасау және инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін кешенді қорғау жүзеге асырылатын болады.

Банк секторын дамыту

Банк секторын дамытудың негізгі бағыттарының бірі банктерден, банктік қызметтің жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан және микрокредиттік ұйымдардан тұратын кредиттеу жүйесінің үш деңгейін құру болып табылады.

Бірінші деңгей - банк секторын одан әрі дамыту, екінші деңгейдегі банктерде корпорациялық басқару және қатерлерді басқару жүйесін енгізу, сондай-ақ ағымдағы қадағалау, оның ішінде Банктік қадағалау жөніндегі Базель комитетінің Негізгі қағидаттары мен стандарттарына сәйкес біріктірілген қадағалау әдістерін одан әрі жетілдіру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру көзделуде.

Қаржылық жағынан тұрақты шетелдік банктер үшін банк секторының тартымдылығын арттыру жұмысы жалғастырылатын болады.

Бұған қоса қызметі банк қызметтерінің белгілі тізбесін жүргізуді көздейтін мамандандырылған банктер құрылатын болады. Атап айтқанда, осындай банктер құрудың тұрғын үй құрылыс жинақтаулары, мамандандырылған ипотекалық банктер жүйесі шеңберінде перспективалы.

Екінші деңгей - қаржы институттарының кредиттік серіктестік сияқты түрлері дамитын болады, бұл орайда олардың заемшылары клиентураның негізгі бөлігін құрайтын шағын және орта заемшылар бола алады.

Үшінші деңгей - тек қана микрокредит берумен айналысатын ұйымдардың қызметімен тікелей байланысты кредиттеу жүйелері. Микрокредит беру ұйымдары кредиттеуді өз капиталы, гранттар және шағын кәсіпкерлерге арналған бағдарламаға қатысушылар жарналары есебінен жүзеге асыратын болады.

Сақтандыру рыногы

Сақтандыру секторын дамыту саласында шаруашылық жүргізуші субъектілер мен халықтың мүдделерін әртүрлі қатерлерден қорғаудың тиімді тетігі және ұзақ мерзімді түрде ішкі инвестициялардың көзі ретінде сақтандыруды белсенді пайдаланатын қазіргі заманғы Ұлттық сақтандыру индустриясы қалыптастырылатын болады. Сақтандыру жүйесінің әлеуеті республика экономикасын тұрақты дамыту тетіктерінің бірі ретінде пайдаланылатын болады.

Сақтандырудың міндетті түрлері, оның ішінде міндетті медициналық сақтандыру, экологиялық сақтандыру және басқа түрлері енгізіліп, оларды тиімді қолдану қамтамасыз етілетін болады.

Сақтандыру рыногының инфрақұрылымын дамыту және оның кәсіби қатысушыларының (сақтандыру делдалдарының, актуарийлер мен уәкілетті аудиторлардың) қызметін жандандыру жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады. Бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларының әртүрлі санаттарының қызметіндегі қатерлерді сақтандыру тиісті дәрежеде дамиды.

Сақтандыру шарттары бойынша клиенттердің мүдделерін қорғау мақсатында сақтандырушыларға (сақтандырылғандарға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін Қор құрылды. Бірінші кезеңде ерікті сақтандыруды қоса алғанда, қалған барлық түрлеріне кепілдік беруді одан әрі кеңейтіп, міндетті сақтандырудың негізгі түрлері бойынша оны енгізу көзделуде.

Басымдықтардың бірі қаржы және азаматтық нормаларға сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын тарату кезінде олардың кредиторларының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау болып қала береді.

Бағалы қағаздар рыногы

2010 жылға дейінгі кезеңге арналған бағалы қағаздар рыногын дамытудың негізгі бағыттары мыналар болады:

ішкі институциональдық инвесторларды дамыту;
бағалы қағаздардың және олардың қосымшаларының сапасын жақсартуды

ынталандыру және Қаржы құралдарының жаңа түрлерін енгізу;
инвесторлардың қорғау мен олардың құқықтарын жетілдіру және зейнетақы мен резервтік активтердің сақталуын қамтамасыз ету;

бағалы қағаздар рыногының техникалық инфрақұрылымын дамыту;
бағалы қағаздар рыногының екі деңгейлі жүйесін одан әрі дамыту.

Ірі институциональдық инвесторлар ретінде ресурстардың ең көп көлемін жинақтаған банктер ретінде екінші деңгейдегі банктер, сондай-ақ сақтандыру рыногының даму дәрежесіне қарай сақтандыру ұйымдары дамитын болады. Сақтандыру ұйымдарын дамыту шеңберінде олардың резервтік активтеріне рыноктық баға беру зейнетақы активтерін бағалаумен бірыңғай стандартқа алып келеді.

2004 жылдан бастап олардың мемлекеттік құнды қағаздар мен валюта рыногына өтуімен, бағалы қағаздар портфелін басқаратын брокерлік пен дилерлік ұйымдарды және құнды қағаздар рыногының басқа да кәсіптік қатысушыларын дамыту олардың капиталдандыру деңгейін жоғарлату жолымен жетілдірілетін болады.

Қазақстандық акциялар мен облигациялардың инвестициялық тартымдылығын жоғарлату маңызды міндет болып табылады, мұның аясында корпоративті басқару нормаларының сақталуына, ұсақ акционерлердің құқы мен мүдделерін қорғаудың қағидаттарын, акционерлік қоғамдардың төлем тәртібін және акционерлік қоғам қызметінің ашықтығын нығайтуға, салық заңының бағалы қағаздар жөніндегі кірістің салық салымы бөлігін жетілдіруге назар аударылатын болады.

5.2. Фискалдық саясат

Экономиканың жедел даму процесі кәсіпорындар мен ұйымдардың жұмыс істеуі үшін ынталандырушы жағдайларды жасаумен астасып жатыр. Бұл белгілі бір деңгейде салық режимінің жетілдірілуімен байланысты.

Тірілу саясатынан экономикалық дамудың тұрақты жоғарғы ырғақтарының стратегиясына көшу алынатын кірістерді мемлекет пен халықтың, кәсіпорындардың арасында қайта бөлу процесін реттеу тетіктерін жетілдіруді қажет етеді. Бұл проблеманы шешудің өзектілігі экономикалық өсімнің негізін шикізаттарды өндіру және бастапқы қайта өңдеумен айналысатын салалар құрайтынында болып отыр. Бұл салалардың өнімдері елдің өнеркәсіп өндірісі мен экспорты көлемінің 70 %-інен астамын иеленеді.

Бұдан басқа, экономиканың басқа салаларының ішкі тауарлар өндірісі мен қызмет көрсетулерінің жартысынан астамы шикізат секторы кәсіпорындарының тауарлар мен қызмет көрсетулерге қажеттілігін қамтамасыз етеді. Мұның мұнайға, металдар мен астықтың әлемдік бағаларының кенеттен төмендеуі елдің көптеген кәсіпорындарының жұмысына талқандамалық әсер ететін және мемлекеттік бюджетке кірістердің түсімін айтарлықтай қысқартатын қабілеті болғандықтан Қазақстан экономикасының тұрақты дамуына кері ықпал етпек.

Республика экономикасының негізгі экспорттық тұрғыдағы әлемдік бағалар

конъюнктурасына тәуелділігін төмендету үшін қосымша құнның жоғары үлесі бар өнімдер өндірісін дамытуды ынталандыратын жағдайлар жасау қажет. Бұл мақсатта корпоративті табыс салығы мен жоғарғы қосылған құны бар меншікті өндіріс өнімдерін өткізетін кәсіпорындар үшін қосылған құн салығы бойынша салық салудың жекеленген тәртібін енгізу керек.

Инновациялық белсенділікті дамыту және инновациялық түрдегі экономикаға өту республикадағы тұрақты экономикалық дамуды қамтамасыз етудің тәсілдерінің бірі болып табылады. Алайда, практикада бұл міндеттерді жүзеге асыру инновациялық белсенділікті ынталандырудың әрекет ету тетіктерінің жоқтығымен, инновациялық инфрақұрылымның, инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектілерінің мүлдем жоқтығымен күрделене түседі.

Экономиканың шикізаттық емес саласына жедел инвестиция тартуға ықпал етуге арналған ұйымдық формалардың бірі еркін кеден аймағының айрықша режимі бар арнайы экономикалық аймақтар (бұдан әрі - АЭА) құру болып табылады.

Қызметтің әртүрлі жоғарғы технологиялық түрлерін (Ақпараттық технология, биотехнология, ядролық технология, радиоэлектроника байланыс және басқалар сияқты) ынталандыратын АЭА-ны дамыту үшін экономикалық қолайлы жағдай жасау қажет. Олардың инновациялық әзірлемелерді игеруі кезеңінде АЭА үшін корпоративті табыс салығы, мүлік салығы және жер салығы төлемінен босатуды заңнамамен а й қ ы н д а у б о л ж а н ы п о т ы р .

Сонымен бірге, айрықша режимнің белгілі бір шектеулі аумақ шеңберінде әрекет етуі барлық экономика салалары мен аймақтарды тепе тең және тиімді дамыту міндетін толық көлемде іске асыруға мүмкіндік бермейді.

Бұл үшін ғылыми және инновациялық қызметті салықтық ынталандыру жөнінде қосымша ұсыныстар қарастырылады.

Салық салудың жеңілдік режимін енгізумен қатар инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау ғылыми және инновациялық инфрақұрылымды құру және дамыту процестерін қаржыландыру түрінде жүзеге асырылуы тиіс.

Бұдан басқа, инвестициялық салық артықшылықтары түріндегі инвестицияларды мемлекеттік қолдау жөніндегі заңнамада көзделген ескірген тіркемелі активтерді жаңартуды ынталандыру жаңа ғылымды қажетсінетін және жоғары технологиялық өндіріске инвестициялар тартудың негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

Негізгі қорларды жаңартуды ынталандыру салық төлеушінің жиынтық жылдық кірісінен қосымша алып тастауға, қайта енгізілген тіркемелі активтер мен нақты инвестициялық немесе инновациялық жобаны іске асыру үшін алынған және пайдаланылатын телімдерге жер салығы бойынша мүлікке салық төлеуден босату құқы түріндегі инвестициялық салық артықшыларын ұсыну жолымен жүргізіледі.

Мұнымен қатар өнімділікті төмендетуге, материалдық-қуат қажеттілігін жоғарлатуға және тиісінше отандық өнімдердің бәсекелестік қабілетін төмендетуге

алып келетін негізгі қорлардың моралдық және тұрпаттық тозуы проблемасы сақталып қалып отыр. Қазіргі уақытта республикада негізгі құралдардың тозу дәрежесі экономикалық қызметтің 50-75 %-тің құрайды.

Негізгі қорлардың жай-күйін жан жақты тексеру негізінде амортизация нормаларын қарау мүмкіндігін негізгі құралдарды жаңартуды ынталандырудың бірі ретінде қарастыру қажет.

Айтылған жеңілдіктер экономиканың басымдықты салаларының іскер белсенділігін ынталандыруға, тіркемелі активтерді жаңартуға бағытталған және салық салудың әділеттік қағидатын бұзбайды.

5.3. Инвестициялық саясат

Қаржыландыру көзін және жеке сектор мемлекеттің араласуынсыз шамасы келмейтін ортаны қолдау және инвестицияны тартудың тиісті тетіктерін айқындау индустриалдық-инновациялық дамуға қатысты мемлекеттік инвестициялық саясаттың мақсаты болып табылады.

Мемлекеттік инвестициялық саясатты жүргізу шикізаттық емес өндірісті дамыту мақсатында жеке инвестицияны ынталандыру және мемлекеттік инвестицияны жүзеге асыру жөніндегі кешенді шаралармен үйлесетін болады.

Бағдарлама шеңберінде мемлекеттік инвестициялық саясаттың барлық мүмкін болатын тетіктерін пайдалану болжанып отыр.

5.3.1. Жеке инвесторлар үшін жағдайлар жасау

Машина жасау, жеңіл, жиһаз, фармацевтік, қағаз және өнеркәсіптің басқа да бірқатар өңдеуші салалары (металлургия және тамақ өнімдері мен сусындар саласын есепке алмағанда) дамуындағы соңғы үш жылда жыл сайын 68-ден 130 млн. АҚШ доллары салынды, ал мұнай өндіру саласында 1773-тен 2300 млн. АҚШ доллары.

Өнеркәсіп объектілерін салуға инвестициялардың құрылымы

	1999 жыл			2000 жыл			2001 жыл		
	млрд.млн. теңге долл	%		млрд. млн. теңге теңге	%		млрд. млн. теңге теңге	%	
Өнеркәсіп барлығы:	190,7	2435,7	100,0	299,4	2505,1	100,0	440,0	3090,1	100,0

Тау-кен өндірісінде мұнай өндіру	150,8	1926,1	79,1	252,5	2112,7	84,3	355,1	2493,4	80,7
оның ішінде метал. лургия	138,8	1773,0	72,8	228,3	1910,3	76,3	330,3	2319,2	75,1
тамақ өнімдері мен сындар қалған салалар	29,3	374,4	15,4	31,4	262,4	10,5	61,2	429,9	13,9
Электро. энергиясын, бензинді және газбен өндіру және бөлу	12,2	155,4	6,4	15,7	140	5,6	34,7	243,6	7,9
	9,5	121,5	5	6,6	54,8	2,2	8,1	56,9	1,8
	7,6	97,5	4	8,1	67,6	2,7	18,4	129,4	4,2
	10,6	135,2	5,6	15,6	130,1	5,2	23,7	166,8	5,4

Ақпарат көзі: Қазақстан Республикасының статистика жөніндегі агенттігі

Жеке инвестициялардың айтарлықтай үлесін экономиканың басқа салаларын дамытуға мультипликативті тиімді болатын жер қойнауы инвестициялары болып табылады. Мұндай тиімділікті алу мақсатында жер қойнауын пайдаланушылармен келісім-шарт жасасу кезінде инвесторлардың міндеттемелерінде жанама қайта өңдеу өндірістерін құруға және дамытуға, отандық өндірушілерге жабдықтар мен қосалқы бөлшектер жеткізуге тапсырыстар орналастыруға салу жөнінде айта кету керек.

Өңдеуші өнеркәсіп салалары, оның ішінде инновациялық сектор жеке инвестор үшін тартымсыз болып қалып отыр. Осыған байланысты өңдеуші өнеркәсіпке жеке инвестициялар тарту үшін қолайлы жағдай жасау мемлекет міндеті болып табылады.

Жеке инвестицияларды тарту процесін ынталандырудың экономикалық тетіктері

ретінде инвестициялық салық артықшылықтар, "Инвестициялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қызметтің басымдықты түрлері кәсіпорындарының тіркемелі активтеріне салымдарды жүзеге асыратын инвесторларға мемлекеттік заттай гранттар мен бірқатар кепілдемелер ұсынылатын болады. Осыған байланысты оларды фискалдық саясат шараларымен толықтыру қажет.

Экономикалық тетіктердің қолданылуы ұйымдық сипаттағы іс-шаралармен толықтырылуы тиіс. Қазақстан Республикасының және оның өңірлерінің инвестициялық мүмкіндіктері туралы ақпараттарды ұсыну көлемі мен сапасы инвесторлар тарапынан ел экономикасына капитал салу туралы шешім қабылдауына айтарлықтай әсер етеді. Осыған байланысты инвестициялық, мүмкіндіктерді таныстыру жөніндегі жүргізілетін жұмыс аясында индустриялық-инновациялық сектор салаларын дамытуға күш салынуы тиіс. Тікелей өңірлерде перспективалық жобаларды іздестіру жөніндегі әлеуетті инвесторларға да, жеке инвесторды қызықтыруға қабілетті инвестициялық жобаларды ұқсастыру және әзірлеу жөніндегі тікелей кәсіпорындарға да қызмет көрсететін ақпараттық-консультативтік орталықтар құру жөніндегі жұмыстар ұйымдастырылатын болады.

Ақпараттық-тұсау кесер іс-шараларын жүзеге асырудан өзге инвесторлармен, әсіресе трансұлттық компаниялармен индустриялық инновациялық дамудың ірі инвестициялық жобаларды бірлесе іске асыру бөлігінде барынша белсенді сұхбат жүргізуге көшу қажет.

Бұдан басқа, басым өндірістердің инвестициялық тартымдылығын жоғарлату мақсатында мемлекет мыналарға бағытталған шараларды қабылдайды:

мониторингтік акционерлердің құқықтарын қорғауды күшейту және корпоративті басқарудың тиімділігін жоғарлату;
кәсіпорындарды тіркеудің оңайлатылған жүйесін енгізу;
қызмет түрлерін лицензиялаудың ашық жүйесін құру;
кәсіпорындардың қаржылық есеп берудің халықаралық стандарттарына көшуін жеделдету.

5.3.2. Мемлекеттік инвестициялар

Республикалық және бюджет қаражаты, сондай-ақ мемлекет бақылауындағы кәсіпорындардың (дамудың мемлекеттік қаржылық ұйымдары, ұлттық компаниялар, мемлекеттік кәсіпорындар) қаражаты индустриялық-инновациялық секторды дамытуды жүзеге асыратын мемлекеттік инвестициялардың көздері болады.

Бюджеттік инвестициялардың басымдықтарының арасында индустриалдық-инновациялық секторды дамыту үшін санаткерлік және инфрақұрылымдық негіз құратын салалар қалуы тиіс. Яғни, бюджеттік инвестициялар олардың болуы жоғарғы технологиялық өндірістің қалыптасуының маңызды қосымша шарты болатын және өңірлерде іскерлік және инвестициялық белсенділікті күшейтуге ықпал ететін қажетті базалық және әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға

Бюджеттік инвестицияларды тікелей индустриалдық-инновациялық сектор салаларына жіберу негізгі қызметі сыртқы және ішкі несие капиталы рыноктарына қаражаты, сондай-ақ экономиканың басымдықты салаларындағы инвестициялық жобаларды қаржыландыру үшін институциялық инвесторлар қаражаттарын тарту болып табылатын қолда бар және құрылатын мемлекеттік қаржылық даму ұйымдары арқылы жүзеге асырылатын болады.

Әр өндірістің әлеуетін айқындағаннан кейін инвестициялық саясат Қазақстан экономикасының шикізаттық емес секторының барынша тар учаскесіне күш салуға шоғырлануы керек. Тек осы жағдайда ғана өндіруші сектормен бірге ұзақ мерзімді перспективада қабілетті бірнеше жаңа қуатты салалар пайда болуы мүмкін.

Басқаша айтқанда, мемлекеттің инвестициялық және әкімшілік ресурстары шектеулі және салалардың барлық ресурстарын бөлшектеу жоғарғы қосымша құны бар, бірақ халықаралық ауқымда бәсекелестік қабілеттігі жоғары емес деңгейдегі бірқатар орта дамыған салалардың пайда болуына әкеп соғады.

Ұлттық компаниялар индустриалдық-инновациялық сектордың мемлекеттік индустриялық саясатын жүзеге асырудың басқа құралы болуы тиіс. Экономиканың стратегиялық салаларындағы осы компаниялардың меншік иесі ретіндегі мемлекет олардың ресурстары шикізаттық емес сектордың жоғарғы технологиялық өндірісін дамытуға инвестор ретінде де және өнімді тұтынушы ретінде де белсенді тартуы тиіс.

5.4. Ғылымды дамыту

Ғылыми әзірлемелердің талап етілмеушілігі және өнеркәсіптегі инновациялық белсенділіктің төменгі деңгейінің салдары, өндірістің өнімділігі факторын жоғарлату нақ ғылыми-техникалық және инновациялық прогресс есебінен мүмкін бола тұра, экономиканы реформалаудағы ғылым рөлінің бағаланбауынан болып отыр.

Индустриалдық дамыған елдермен салыстырғанда Қазақстандағы ғылымның дамуының қағидаттық ерекшеліктері бар. Дамыған елдерде іргелі және қолданбалы зерттеулерді қаржыландырудың жыл сайынғы ұлғаюы, жеке секторы бар ғылымның ықпалдасуын ынталандыру есебінен жаңа енгізбелерді игеруді жеделдету, ғылымның корпорациялық секторын құруға және дамытуға жан жақты жәрдемдесу, ғылыми-техникалық әлеуетті аса экономикалық және әлеуметтік міндеттерге бағдарлау байқалып отыр. Жекелей алғанда 2000 жылы ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерге арналған мемлекеттік шығыстар: АҚШ-та 246,2 млрд. долларды (ІЖӨ-нің 2,9 %), Жапонияда 94,2 млрд. долларды (ІЖӨ-нің 3,0%), Германияда 45,8 млрд. долларды (ІЖӨ-нің 2,35%), Францияда 28,0 млрд. долларды (ІЖӨ-нің 2,25 %), Швецияда 7,6 млрд. долларды (ІЖӨ-нің 4,0 %) құраған. Еуроодақ өз мүшелеріне ғылымға салымдар деңгейін ІЖӨ-нің 2,5 % жеткізуді ұсынып отыр.

Қазақстанда соңғы бес жылда ғылымды қаржыландыру көлемі ІЖӨ-нің 0,2 %-ін құрап отыр, бұл жеткіліксіз болып табылады. Қазақстанның стратегиялық мүдделеріне

байланысты 2010 жылға ғылымды қаржыландыруды ІЖӨ-нің 2 %, 2015 жылы 2,5-3 %, деңгейіне дейін кезең кезеңмен қаржыландыруға көшуді жүзеге асыру қажет.

Бірқатар ғылыми тақырыптарды жеткіліксіз қаржыландыру және қаржыландыруын тоқтату жас ғылыми кадрларды ғылым саласынан кетуге, ғылымның материалдық-техникалық базасын моралдық және тұрпатты тозуына әкелді.

Ғылымды реформалау жөніндегі мемлекеттік саясатты басымдықпен жүргізу қажет.

Ғылымды дамыту саласындағы мемлекеттік саясаттың басты бағыттары:
элеуметтік-экономикалық дамудың негізгі стратегиялық басымдықтарының бірі
ретіндегі ғылымды аяқындау;

жоғары технологиялар өнімі экспортына бағытталған ғылымды қажетсінетін және ресурстарды сақтайтын және экологиялық таза өндірісті әзірлеуге бағытталған зерттеулерді дамыту;

ғылыми жетістіктерді тәжірибелік іске асыруға ықпал ететін тетіктер мен ынталандыру жүйесін жасау;

жаңа енгізулерге экономиканың қабылдауын жан-жақты ынталандыру (сұранысты ынталандыру) және олардың отандық ғылыми-техникалық әлеуетінің пайдаланымы үшін жағдайлар жасау (ұсыныстарды ынталандыру);

ғылыми зерттеулер жүргізу үшін материалдық базаны нығайту;
кадрлық әлеуетті сақтау және дамыту, ғылыми-технологиялық дамытудың басым бағыттары бойынша жоғары білікті ғылыми кадрларды дайындау мен аттестациялау;

ғылыми зерттеулердің тиімділігі мен сапасын жоғарлату үшін ғылыми ұйымдарды аттестациялау мен тіркеу жүйесін дамыту;

ғылымның мемлекеттік емес секторын қалыптастыру мен дамыту, оны қолдаудың мемлекеттік тетіктерін жасау;

жас талантты ғалымдарды қолдау;

әлемнің ең үздік ғылыми орталықтарында мамандарын сынақтан өткізу;
грант негізінде ғылыми зерттеулерді қаржыландыру тетіктерін жасау мен жетілдіру;

қазақстандық ғылымның халықаралық ғылыми-технологиялық қауымдастыққа қосылуын қамтамасыз ету.

Ұсынылып отырған шараларды іске асыру индустриялық-инновациялық саясатты балама ғылыми қамтамасыз етуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

5.5. Білім беруді дамыту және кадрлар даярлау

Сапалық адамзат капиталының болуы индустриялық-инновациялық стратегияны ойдағыдай іске асырудың ажырамас шарты болып табылады.

Білім беру секторы барлық елдер экономикасының тұрақты дамуын қамтамасыз ететін басты "басты" нүктелерінің бірі болып табылады.

Ғаламдану жағдайында экономикалық дамыған елдер ең келешегі бар ғалымдар мен

жоғарғы білікті мамандарды шоғырландыруды өзінің басты басымдықты саясаты етіп
а л д ы .

"Саналылардың сыртқа кетуі" бұрынғы коммунистік елдердің экономикасын дамытуды баяулататын басты фактордың бірі болды. Бұл ахуалды тұрақтандырмайынша, елдегі білім берудің жалпы деңгейін жоғарлатпайынша Қазақстан әлемде лайықты орын ала алмайды.

Қазіргі жағдайда экономикалық өсім ғылыми-техникалық прогресспен, бірінші кезекте еңбек ресурстарының кәсіптік сапасымен теңестіріледі.

Қазақстандағы білім беру жүйесі ырғақты дамушы және ғаламдану мен ақпараттанудың жеделденген әлемдік процесіне барабар әрекет етуге қабілетті болуы тиіс. Білім беруді реформалау және еңбек ресурстарын дайындау саласындағы нақты мемлекеттік саясат, әсіресе кәсіби техникалық білім беру және инновациялық менеджмент бөлігінде қажет.

Осы саладағы жұмысты жүйелендіру дамыған елдердің тәжірибесін жұмыс берушілермен тығыз қатынас негізінде жүзеге асырылатын болады. Кейбір мемлекеттерде, мысалы Германияда бизнестің барлық субъектілері, жұмыс күшінің сұранысына сәйкес жұмысшы кадрларды дайындап қайта дайындауды қамтамасыз ететін ұйымдардың мүшелері болуға міндетті.

Мұндай ұйымдардың әр мүшесі өзінің жарнасын төлеп, оған қажетті жұмыс кадрлардың мамандықтарына өтінім беруге міндетті.

Шетелдік тәжірибесі көрсететіндей инновациялық қызмет аспирантура мен докторантураға қосылатын баламалы жоғары білімді қажет етеді.

Білім беру процесін реформалау өтпелі және кәсіптік кадрларды даярлаудың барлық деңгейі мен бағытын қамтуы тиіс.

Білім беру және кәсіптік кадрларды даярлау саласындағы мемлекеттік саясат мына міндеттерді шешуі тиіс:

білім беруді дамытудың бір басымдығында инновациялық қызмет үшін кадрлар дайындауды айқындау;

мемлекет және жеке сектор қатысуымен жұмысшы және техникалық мамандық мамандарын кәсіби дайындау мәселелерімен айналысатын институттарды жасау;

білім берудің барлық түрлерінің материалдық-техникалық және әдістемелік базасын жоғарлату;

халықаралық стандарттарға жауап беретін білім беру стандарттарын әзірлеу және енгізу;

жасалатын жаңа өндірістер және басқалар үшін жоғары білікті мамандарды Қазақстандағы жұмыс үшін дайындау және тарту саласындағы халықаралық ынтымақтастық;

жоғары технологиялық өндірістер саласында кадрларды дайындау үшін (халықаралық тәжірибе негізінде) жаңа немесе қолданыстағы жоғары оқу орындарын

мамандандырылған институттарға (университетке) қайта бейімдеу; республикадағы: инновациялық жобалардың менеджерлері мен сарапшылары; халықаралық маркетинг пен патент құқығы, инновациялық жобалардың әлеуетті тәуекелін бағалау және оны төмендету тәсілдері бойынша, венчурлық қаржыландыруды ұйымдастыру бойынша мамандарды инновациялық қызметті дамыту үшін қажетті мамандықтар бойынша мамандар дайындау.

5.6. Денсаулық сақтауды, фармацевтикалық және медициналық өнеркәсіпті дамыту

Халықтың денсаулық жағдайы кез келген елдің әлеуметтік-экономикалық, мәдени және индустриялық дамуы деңгейін айқындайды.

Денсаулық сақтау саласы халықтың әл-ауқатының табанды және тұрақты өсімі көзқарасы бойынша елдегі негізгі және басымды сала болып табылады.

Меншікті ғылыми және инновациялық әлеуетті құру және дамыту - бағдарлама аясындағы денсаулық сақтау саласының негізгі міндеті болып айқындалады.

Осыған байланысты жаңа және қол жеткен деңгейлерге жету үшін отандық және әлемдік тәжірибені есепке ала отырып денсаулық сақтау жүйесін серпінді дамыту үшін жағдайлар жасау қажет.

Мемлекеттік медициналық әлеуметтік және денсаулық сақтаудың құқықтық саясатының кешенді шараларын әзірлеу және жүзеге асыру, денсаулық сақтау ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайту сияқты дәстүрлі бағыттар мен қатар денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясат денсаулық сақтауда халықтың медициналық көмекке қол жетушілігінің жоғарылататын ресурстарды сақтайтын, экономикалық тиімді әдістерге екпін түсіре отыра диагностика мен емдеудің клиникалық хаттамасын қолдануды қоса алғанда, қазіргі заманғы медициналық технологияны енгізуге бағдарланатын болады, сондай-ақ бәсекеге қабілетті отандық фармацевтика мен медицина индустриясын дамытуға жәрдемдеседі.

Денсаулық сақтау саласын дамытудың басқа бағыттары мыналар:

денсаулық сақтаудың бәсекеге қабілетті қызмет көрсетулерін жоғарылату, отандық ғалымдардың ғылыми зерттеулерінің негізінде дәрі-дәрмектердің өндірісі дамуының басымдығын қамтамасыз ету;

жаңа дәрі-дәрмектер, оның ішінде әлеуметтік маңызы бар аурулардың алдын алу және емдеудің отандық әзірлемелеріне қолдау көрсету;

денсаулық сақтауда қазіргі заманғы ақпараттық және инновациялық технологияларды дамыту;

денсаулық сақтау саласындағы халықаралық ынтымақтастықты кеңейту.

5.7. Еңбек ресурстары

Бағдарламаны іске асыру оны өнеркәсіптік өндірісті инновациялық дамыту сұрауларына барабар әрекет ететін жоғарғы білікті кәсіптік мамандармен қамтамасыз етуге тікелей тәуелді. Бұл ғылыми, инженерлік-техникалық, ғылыми конструкторлық мамандарға да, ұйымдық-басқару мамандарына (менеджерлерге) да бірдей қатысты

б о л а д ы .

Бұл міндеттерді шешу үшін өнеркәсіпті және жоғарғы технологияны қарқынды дамыту жағдайындағы жұмыстарға арналған қажетті әртүрлі кәсіптік мамандарды дайындаудың арнайы бағдарламасы әзірленген.

Жұмыспен қамтамасыз ету Бағдарлама тікелей қозғайтын басқа маңызды әлеуметтік-экономикалық проблема болып табылады. Жоғары қосымша құны бар өңдеуші өнеркәсіп саласын жедел дамыту бір жағынан жұмыспен қамтудың өсіміне және жұмыс күшінің сала арасындағы қайта ағымына алып келеді, ал екінші жағынан инновациялық даму жекеленген салаларда, әсіресе біліктілігі төмен жұмысшыларды жұмыспен қамтудың төмендеуіне әкеп соғады.

Соңғы аталған проблема жұмыс күшінің салааралық қайта ағымы және өңір аралық көшуі, оны жұмылдыруды жоғарылату есебінен жеңілдейтін болады. Бұл кадрларды, оның ішінде жұмысшы мамандарын мемлекет арқылы да, және өңірлердегі еңбек рыногын, және тұрғын үй, әлеуметтік-тұрмыстық блок, өндірістік инфрақұрылымдарды дамытудың жеке жүйесі арқылы да кәсіптік дайындау және қайта дайындауды жүзеге асыруды талап етеді.

Бүгінде Қазақстанның еңбек және жұмыспен қамту рыногында Қазақстанда жұмыс істейтін шетел компанияларындағы шетел мамандары мен жұмысшыларының келуі қысымдық көрсетіп отыр.

Бұл компанияларға мынадай таңдау мүмкіндіктерін береді:
немесе Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген квота аясында шетел мамандарын тарту;

немесе сондай біліктілігі бар жергілікті кадрларды, біршама арзан баға бойынша тарту.

Бағдарламаны іске асырудың екінші кезеңінде Қазақстан Республикасының Үкіметі шетел жұмыс күштерін тартудың механизмін жетілдіру туралы мәселені қарайды.

5.8. Ғылыми-техникалық және инновациялық саясат

Инновациялық қызметтің ақтық нәтижелері - өндірістің тиімділігін жоғарлату, еңбек өнімділігі мен капиталды өсіру, жоғарғы технологиялық өнім көлемі - елдің экономикалық қуатымен айқындалатын болғандықтан оған экономикалық қатынастардың жалпы жүйесінде өзекті рөл беріледі.

Индустриалдық дамыған елдерде жаңа ілімдерден, технологиялардан, құрал-жабдықтардан, кадрлар дайындаудан, өндірістерді ұйымдастырудан көрініс табатын жаңа ілімдер үлесіне ІЖӨ өсімінің 80-нен 95 %-не дейін келеді. Бұл елдерде жаңа технологияларды енгізу нарықтық бәсекелестіктің өзекті факторы, өндіріс тиімділігін жоғарлатудың және тауарлар мен қызметтер сапасын жақсартудың негізгі құралы болып отыр.

Қазіргі уақытта отандық ғылымды қажет ететін өндірісті дамыту, бәсекеге қабілетті өнімдерді алуға бағдарланған жаңа ғылымды қажет ететін және ақпараттық

технологияларды әзірлеу мен игеру және өнеркәсіпті пен республиканың ғылыми-техникалық әлеуетін сақтау мен дамыту есебінен ұлттық экономикалық қауіпсіздік мүдделерін қамтамасыз ету Қазақстан экономикасының өзекті стратегиялық міндеті болып табылады.

Қазақстанның ғылыми-технологиялық саясаты инновациялық процестерді белсенділендіруге, жаңа технологиялық тәртіптерді енгізуге, өңдеуші өнеркәсіптегі жаңа қайта бөлістерді игеруге, ұлттық ғылыми-техникалық әлеуетті белсенділендіруге, ғылым мен өндіріс арасындағы алшақтықты артқа тастау, индустриалдық қызметті ынталандыру, озат шетел технологиясының нақты трансферті мен халықаралық стандарттарды енгізуді қамтамасыз етуге бағытталуы керек.

Ғылыми техникалық саладағы кәсіпкерлік секторды қалыптастырмайынша инновациялық қызметті дамыту мүмкін емес. Соңғы жылдар ішінде өнеркәсіп өндірісі көлеміндегі және жұмыспен қамтылу санындағы шағын бизнес секторының үлесі өзгеріссіз қалып отыр және тиісінше 2,8-3,2 % және 12,4-14,0 %-ті құрап отыр, бұл индустриалдық дамыған елдердегіден бірнеше есе аз.

Шағын инновациялық кәсіпкерліктің дамуы тежелуінің негізгі себебі шағын кәсіпорындар әдетте ірі кәсіпорындармен салыстырғанда бәсекеге қабілетті өнімдер шығара алмай отырғандығында болып отыр.

Шағын кәсіпкерлікті ірі кәсіпорындармен кооперациялау мақсатында олардың негізгі қызметіне қатысты емес қызметтер көрсету жөніндегі табиғи монополия субъектілерінің функцияларын шағын бизнес субъектілерінің бәсекелестік ортасына беру тетігін әзірлеу қажет. Бұдан өзге, шағын бизнесте инновациялық және ғылымды қажет ететін өндірістерді, оның ішінде лизинг бойынша құрал-жабдықтар мен технологияларды сатып алу және шағын және ірі бизнестің франчайзингтік кең таралымы есебінен дамыту үшін жағдай жасау керек.

Қазақстандық өндірушілерге ғылыми әзірлемелерді рыноктық тауар деңгейіне жеткізу тәжірибесі жетпейді, менеджмент, маркетинг және талдау саласындағы жоғарғы білікті мамандар жеткіліксіз. Осыған байланысты қазақстандық мамандарды жетекші шетел ғылыми-зерттеу институттары мен компанияларына тәлімдемеге жіберу және республикаға отандық кадрлар даярлау үшін жоғарғы білікті шетел мамандарын тарту тәжірибеге енетін болады.

Қазақстандағы қазіргі ғылымның ахуалы аяқталмаған ғылыми әзірлемелер мен қажетсіз өндірістердің болуымен сипатталады. Бұл айтарлықтай үлкен әлеует және оның пайдалану инновациялық қызметті дамытудың негізгі міндеті болуы тиіс.

Инновациялық қызметті дамытудың маңызды факторы санаткерлік меншікті пайдалану және оның құқықтарын қорғау болып табылады. Құқықтың қатынас субъектілерінің құқықтары мен мүдделерінің теңгерімі есебінен санаткерлік меншіктің тиімді шаруашылық айналымы санаткерлік меншік нәтижелеріне сұраныс пен ұсыныс бірлігін, ғылыми-техникалық зерттеулерді дамытуды, олардың өнеркәсібінің іске

асыруын жаңа бәсекеге қабілетті тауарлар мен қызмет көрсету өндірісін және тұтынуын қамтамасыз етуге мүмкіндігі бар.

Инновациялық дамытудың базалық үлгісі негізінде инновация көздерінің ішкі (өсімі) мен сыртқы (трансферт) арасындағы ара қатынасы жатыр. Инновация өсімінің стратегиясы меншікті іргетастық және қолданбалы зерттеулерге негізделетін меншікті технологияларды жетілдіретін жетекші елдер (АҚШ, ГФР, Англия, Япония) үшін сипатты. Технологиялар трансфертінің стратегиясы сондай-ақ меншікті іргетастық және қолданбалы әзірлемелері жоқ және осы мақсаттарға ресурстары шектеулі елдерде іске асырылады.

Ғылыми-техникалық және инновациялық қызмет саладағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары:

мемлекеттің қатысуымен және венчурлік капиталды ғылыми-техникалық және инновациялық салаға тарта отыра, мамандандырылған венчурлік қорлар құру; инновациялық қызмет субъектілерін мемлекеттік қолдау нысандары мен әдістерін әзірлеу;

мемлекеттік, салааралық, салалық және өңірлік сипаттағы инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектілерін құруды қоса инновациялық инфрақұрылымды қалыптастыру;

инновациялық сала үшін кадрларды дайындау және қайта дайындау; өнеркәсіптің базалық салаларында жаңа технологиялық тәртібін қалыптастыру; технологиялардың өркениетті рыногы үшін жағдайлар жасау жолымен, яғни авторлық құқықты, патенттер мен сауда белгілерін қорғау саласындағы барлық халықаралық конвенцияларды тану жолымен шетел технологиясының трансфертін ынталандыру;

отандық кәсіпорындардың үздік әлемдік тәжірибеге сәйкес сапа стандарттарына көшіні жандандыру;

техникалық регламенттер туралы заңнамаларды әзірлеу және енгізу; халықаралық донорлық ұйымдардың, мүдделі қаржылық-кредиттік және шаруашылық құрылымдардың гранттарын тарту;

5.9. Сауда саясаты

5.9.1. Сауда режимін ырықтандыру

Сауда саясаты соңғы жылдары импорт алмастыру саясаты шеңберіндегі отандық тауар өндірушілерді қорғауға дәстүрлі тауар экспорты үшін қолайлы жағдайлар құруға бағытталған.

Экономиканың ұзақ дағдарысынан шығу кезеңінде бұл шаралар өзекті болды. Аталмыш саясатты өткізу нәтижесінде дәстүрлі экспорттағы қазақстандық тауарлар әлемдік тауар рыноктарында өз орнын тапты және оларды іске асырудағы кірістер жыл сайын артып отыр.

Бір мезгілде елде қосарланған өндіріс арасында күйзелген ішкі өндіріс

байланыстары қалпына келтірілді. Бұл көптеген өндірістерді жаңғыртуға жағдай т у ғ ы з д ы .

Сонымен қатар ішкі рынок үшін тауарлар мен қызмет көрсету өндірісін дамыту серпіні жыл сайын көптеген тауарлардың өсу қарқыны баяулағанын көрсетіп отыр.

Ішкі рынокты импорттан одан әрі қорғау шетелдік кәсіпорындарының отандық өңдеу өнеркәсібі тауарларының тұтыну ерекшелігінің ұқсастығына және бағасы бойынша үмітсіз қалуына әкеліп отыр.

Ғаламдасу кезеңі шағын экономика үшін жабық, ол капитализмнің ерте сатысында қайтарымсыз қалуы мүмкін (Орталық Азия елдері ішінде орын алып отыр). Жабық экономика саясатының зардабы Қазақстанның тоқсаныншы жылдары басындағы өткергендерден едәуір қиын болып отыр.

Бағдарлама мақсатына қол жеткізу үшін ТМД бойынша жақын әріптестермен Еуразия өңірінде бірыңғай экономикалық кеңістік құру сауда саясатының міндеті болып айқындалады. Бұл жағдайда елді өңірлік жоғары технологиялық, экспорттық-импорттық, инвестициялық, қаржылық және сауда орталығына айналдыру б а ғ д а р б о л а д ы .

Экспорттық бағдарланудың бес түрін бөліп алуға болады: экспорт шикізат ресурстары, Экспорттық-өңдеуші аймақтар, құрамдас бөліктер экспорты, толықтай дайын тұтыну өнімдерінің экспорты және меншікті сауда маркалары (брендалары) бар ө н і м д е р э к с п о р т ы .

Шикізат тауарларының экспорты дамушы елдер экспортының негізгі түрі болып табылады. Африка елдері, ОАР қоспағанда экспорттың бұл түрі барлық экспорттың 90 пайызын құрайды, Латын Америка және Оңтүстік-Шығыс Азия үшін 30-60 пайыз тәртібінде. Тек Қытай, Оңтүстік Корея, Сингапур сияқты бірнеше елдерде шикізат экспортының үлесі аз ғана орын алады.

Экспорттық-өңдеуші өңірлер (ЭӨӨ) күрделі емес өнімдерді жинау кезінде мәнді еңбек жұмсалымдарын қажет ететін сапарларда және арзан жұмыс күші бар елдерде туындайды. Мұндай өнімдерді өндіретін кәсіпорындар әдетте шетел инвесторлары иелігінде болады. Мемлекеттер шетел валюталарын алу және жергілікті халықты жұмыспен қамту проблемаларын шешу мақсатында мұндай аймақтарға инвестицияларды көтермелеу үшін белгілі бір жеңілдіктерді ұсынады.

Экспорттық-өңдеуші өңірлер дамушы елдердің экспорттық индустриясының бірінші кезеңі болып табылады. Мұндай өңірлер бірінші 1960 жылдары Азияда және Мексикада пайда болды. Қазіргі кезде ЭӨӨ жалақысы өте төмен елдерде - Қытай және Оңтүстік Шығыс Азияда басымды болып отыр. Африка тұтастай шетел инвесторлары үшін мәдени кедергілер мен шоғырланған арзан адами ресурстардың жетіспеушілігінен , дамымаған инфрақұрылым (әсіресе көліктік) үшін ЭӨӨ-ның болуы әлемнің үшінші мемлекеттерінен тұтастай қалысып отыр. ЭӨӨ басты негізінен Латын Америкада

жұмыс күшінің арзандығынан және ірі өткізу нарығының - АҚШ-тың жақындығынан тарату мәніне ие болып отыр.

Құрамдас бөліктерінің экспорты (ҚБЭ) автомобиль жасау және электроника секілді жоғары технологиялық салалар өнімдерінің құрамдас бөліктері экспортын ұйғарып отыр. ҚБЭ басты негізде жаңа индустриялық елдерде жүзеге асырылады (Оңтүстік Корея, Сингапур, Тайвань). Өнімдердің соңғы жинағы дамушы елдерде жүзеге асырылады. Жаңа индустриялық елдердегі кәсіпорындарды Трансұлттық компаниялардың бақылауы ҚБЭ-ның ерекшелігі болып табылады.

Дайын тұтыну өнімдерінің толықтай экспорты (ДӨЭ) жергілікті компаниялармен жүзеге асырылады, ал дизайн, маркетинг, көтерме және бөлшек сауданы дамушы елдердің ірі шетел компаниялары бақылайды. ДӨЭ-ғы жетекші рольді жаңа индустриялық елдер алып отыр. Мысалы, дамушы елдерде 1980 жылы Гонконгтың, Оңтүстік Корея және Тайванның экспорттық үлесі өндірілген барлық ДӨЭ-ның 72 пайызын құрады. ДӨЭ-ның өміршеңдік нысаны үшін қажетті қосымша көмекші салаларды құруды тек Шығыс Азия елдері жасағанын айта кету қажет.

Меншік сауда маркаларымен (брендтер) дайын өнімнің экспорты (ММЭ) ДӨЭ-ден де асатын өнім экспортының қорытынды түрі болып табылады. Компаниялар шетелдік рынокқа меншік бренді арқылы кіретіні ММЭ ерекшелігі болып табылады. Оңтүстік Корея ММЭ-ның жарқын көрінісі болып табылады - осы елдің компаниялары шетелдік рыноктарға автомобиль жасау және электроникадағы меншік брендтермен қатысады.

ММЭ тұтастай жекелеген елдерді алғанда экспорттық саясаттың жемісін бағалау мүмкіндігіне қарсы стандарт болып табылады. Әлемдегі экспорттық бағдар түрлеріне ш о л у к е с т е д е к ө р с е т і л г е н .

	Шикізат тауарларының экспорты	Экспорттық өңдеуші өнімдерінің экспорты	Құрамдас бөліктегі өнімдерінің экспорты	Дайын өнімдерінің экспорты	Меншік брендтермен дайын өнімдерінің экспорты
--	-------------------------------	---	---	----------------------------	---

Шығыс Азия	x	x	x	x	x-
Оңтүстік - Шығыс Азия				x	x
Латын Америкасы	x	x	x		
Оңтүстік Азия	x	x			
Африка				x	x

Дамушы елдердің экспорттық бағытының түрлілігіне қарамастан оның соңғы төрт түрінің пайда болуына әкелетін нақты тетігі бар.

Ірі трансұлттық компаниялар арзан жұмыс күшін іздеп коммерциялық тапсырыстарды Шығыс-Азия елдеріне орналастырды, ал олар өз кезегінде меншікті жұмыс күшінің қымбаттау реті бойынша жұмыс күші арзан болып тұрған елдерге тапсырыстарды қайта орналастырып отырды. Бұл процесте Шығыс Азияның дамушы елдері дамыған елдердегі компаниялардан коммерциялық тапсырыстар арқылы өзінің индустриялық әлеуетін дамытуға мүмкіндік алды. Өзінің индустриялық әлеуетін жетілдіре келе дамушы елдер өз позицияларын нығайтып экспорттың жаңа түрлеріне і л г е р і л е д і .

Әлемнің көптеген елдері коммерциялық тапсырыстар арқылы жаңа индустрияларды негіздеу мүмкіндігін белгілі жағдайларға байланысты алған жоқ. Басқа сөзбен, трансұлттық компаниялар кейбір Шығыс Азия елдеріне әлемдік экономикаға кіру және дамыған елдердің бай нарықтарына одан әрі қол жеткізуге көмектесті.

Осыған байланысты толықтай сауда режимін кезең кезеңмен ырықтандыру сауда саясатының стратегиялық бағыты болуы тиіс. Бұл саясатты қосымша құн тізбелігін одан әрі дамыту пайдасына шикізат салалары кірістерін бөлшектеп қайта бөлу, сондай-ақ ғылыми және инновациялық зерттемелерге негізделетін жаңа өндірістерді ұйымдастыру жолымен, мүмкіндігінше қысқа мерзімдерде өткізу қажет.

5 . 9 . 2 . Д С Ұ - ғ а к і р у

Бағдарламаны жүзеге асыру кезінде ДСҰ-ға кіру Қазақстан үшін маңызды қажеттілік болып табылады.

Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі сыртқы сауданы жүзеге асыру және осы ұйымда қабылданған ережелерге, нормаларға, тетіктерге тауарлар мен қызмет көрсетулер өндірісінің ішкі шарттарын түпкілікті қайта құру есебінен тұрақты экономикалық өсім үшін қолайлы жағдайлар жасауды мақсат етеді.

ДСҰ шеңберінде Қазақстан сауда саясаты арқылы мынадай негізгі міндеттерді ш е ш е д і :

қазақстандық экспортты кемсітудің алдын алу;
өркениетті халықаралық сауданың ережелері мен принциптерін қабылдаушы ашық нарықтық экономикасы бар ел ретінде халықаралық имиджін нығайту;

ЕурАзЭҚ және ТМД шеңберінде өңірлік ықпалдасу процестерін дамыту;
нақты Кеден одағы мен бірыңғай рынокты жасауды ілгерілету. Өзара саудадағы арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтем шараларын қолдануға қарсы белсенді ә р е к е т е т у ;

экспорттық операцияларды жүзеге асыру кезінде тәуекелдер есебінен сақтандыруды қоса алғанда экспортты ілгерілету жөніндегі әрекеттік шараларды ә з і р л е у ж ә н е і с к е а с ы р у .

Бұл міндеттерді ДСҰ шаралары және тетіктерімен шешу дайын өнім экспортының өсіміне өту кезінде өте маңызды болады, өйткені әлем нарығы аса қанық және қатаң

бәсекелестік жағдайында дамып отыр.

Қазіргі уақытта Қазақстан ДСҰ-ға 144 мүше елдердің 135 елімен сауда жасайды. ДСҰ-ға кіру Қазақстанға осы елдермен бір ізге салынған ережелер мен тетіктер бойынша сауданы жүзеге асыру мүмкіндігін береді.

Өндірісте қазіргі заманғы технологиялардың және өндірісті ұйымдастыру әдістердің тарауына, ішкі нарықтағы бәсекелестіктің дамуы мен сыртқы рыноктарда қазақстандық тауарлардың бәсеке қабілеттігін жоғарылатуына, өңдеуші өнеркәсіп, әсіресе инновациялық бағыт өткір қажет ететін шетел инвестициялар ағымының жоғарылауына ДСҰ-ға мүшелік ықпал етеді.

Импорттың орташа өлшенген ставкасы Қазақстанда шамамен 8,6%, яғни ДСҰ-ы (6-7 %) бойынша орта өлшенген ставкасына деңгейлес. 0 ден 15%-ға дейін ставкасы бар тауарлық позициялар үлесі барлық тауарлық позициялардың 95% құрайды. Бұл ішкі нарықтың жалпы әлсіреуіне күдіктенуге негіздер бермейді.

Қазақстан ДСҰ-ға оның негізгі сауда серіктесі болып табылатын Ресеймен қатар кіру қажет.

5.10. Бәсекелестікті қолдау мен монополияға қарсы саясат

5.10.1. Бәсекелестікті дамытуға қолдау көрсету бағыттары

Бәсекелестік - экономиканың тиімді дамуы мен жұмыс істеуінің басты тетігі. Тиімді бәсекелестік үшін негіздер жасау, адал бәсекелестікті қолдау мен қорғау мемлекеттің индустриялық және инновациялық саясаттың негізгі міндеті-экономиканың әртараптануы мен өндірісті жаңғыртуды іске асыруға ықпал ету тиіс.

Саналы инвестициялық саясат, сондай-ақ биржа саудасы тауар рыноктарында бәсекелестік ортаны қалыптастырудың негізі болып табылады.

Бәсекелестік саласындағы мемлекеттік саясаты адал емес бәсекелестікке жол бермеу, шектеу практикасының шектен тыс шоғырлануы мен өсімі проблемаларын шешуге бағытталған. Бәсекелестік саясатының негізгі бағыттары:

монополиялық бағаларды бекіту жөнінде, өндірісті негізсіз қысқарту мен монополиялық тауарлар мен қызмет көрсетулерді жеткізу жөнінде, шарттарға кемсіту шарттарын енгізу, басқа кәсіпорындарға тауар және қаржы нарықтарына кіру, рынок субъектілері және олардың бірлестіктерін құру, қайта ұйымдастыру, тарату, рынок субъектілерінің жарғылық капиталындағы акцияларды (үлестерді, жарналарды) сатып алу үшін монополисттердің әрекеттерін бұлтартпау жолымен басымды орынды иеленетін нарық субъектілерінің қиянаттарына жол бермеу;

бірыңғай бағалар мен тарифтерді бекітуге, рыноктың аумақтық принципі бойынша бөлінісіне, потенциалды бәсекелестердің рынокқа қол жеткізілуін шектеуге немесе рыноктағы бәсекелестік субъектілер арасындағы - үйірлеске бағытталған бәсекелестер арасындағы келісілген әрекеттерді бұлтартпау жолымен бәсекелестікті алып тастауға немесе шектеуге бағытталған адалсыз бәсекелестіктер мен бәсекелестікке қарсы келісімдерге тиым салу;

мемлекеттік органдардың кәсіпкерлік қызметке негізсіз араласуына жол бермеу. Жекеленген кәсіпорындарға жеңілдіктер беру, сатып алушылар, тапсырыс берушілердің белгілі шеңберіне тауарлар мен қызмет көрсетулердің бірінші кезектегі жеткізілімі туралы шаруашылық субъектілерге нұсқау беру жолдарымен бәсекелестікті шектеуге бағытталған мемлекеттік органдардың қызметін бұлтартпау.

5.10.2. Т а р и ф с а я с а т ы

Бағдарламаны жемісті іске асыру мақсатында қазіргі күні қолданып жатқан тарифтерді жасанды басудан бас тартып, табиғи монополиялар саласына барлық қатысушылар: субъектілердің өздері мен олардың қызмет көрсетулерін тұтынушылар мүдделері теңгеріміне қол жеткізуге бағытталған икемді тарифтік реттеу саясатына өту қ а ж е т .

Экономиканы дамытудың инфрақұрылымы болып табылатын табиғи монополия саласының басып озатын өсімінсіз өндірістік кешенді дамыту бүгін мүмкін емес.

Қазіргі заманғы табиғи монополиялардың жағдайы негізгі құралдар мен жабдықтардың жоғары деңгейдегі тозығымен сипатталады.

Тәжірибеде оның барлық салаларындағы тозу деңгейі моральдық, тұрпаттық, с ы н д а р л ы ш е ण г е л ж е т т і .

Моральды тозған жабдықты қолдану көлемдердің төмендеуіне, ұсынылатын қызмет көрсетулер сапасының нашарлауына және апаттық жағдайлардың пайда болуына ә к е л е д і .

Бұдан өзге, меншікті айналым қаражаттарының жеткіліксіздігі жабдықты ауыстыруға бағытталған капитал салымдарын (инвестицияларды) жүзеге асыруға мүмкіндік бермейді. Негізгі қорларды жаңарту оларды қолдану тиімділігін, көрсетілетін қызметтердің сапалық сипаттамаларын жақсартудың және соңғы қорытынды бойынша экономикалық өсім мен ел индустриясын тұрақты дамытудың басты факторларының бірі болып табылады.

Бүгін тарифтік реттеу әдістері табиғи монополия саласына инвестицияларды тарту және өндірісті жаңғыртуға негізделген, берілген экономика секторының басып озатын қарқынына қол жеткізу үшін қолайлы жағдайлар жасауды қамтамасыз ету қажет.

Сондықтан, индустрияның тұрақты дамытуын қамтамасыз ету, олар көрсететін қызметтер сапасын жақсарту өзіндік құнды төмендету мен қызмет көрсетулерге тариф деңгейлерінің тұрақтылығы үшін тарифтік саясатты одан әрі:

инвестицияларды ынталандыратын және орта мерзімдік кезеңде тарифтердің тұрақтылығын қамтамасыз ететін тарифті қалыптастырудың жаңа әдістерін енгізу;

есептің халықаралық стандарттарын және тиісті қызметтер көрсету түрлері мен шығындар элементтері бойынша шығындарды бөлек есептеу әдістерін енгізу;

тұтынушыларға табиғи монополиялардың әсерін талдау үшін ақпараттық мәліметтер базасын жасау жолдарымен жетілдіру қажет.

Көрсетілген іс-шараларды толық ауқымын іске асыру және тарифтерді

қалыптастырудың жаңа әдістерін енгізу табиғи монополия саласында қызмет ететін кәсіпорындарға оларды жаңғырту мен ресурстарды сақтайтын және аз шығынды жаңа технологияларды енгізу үшін, олардың қайтарымдылығы мен 5 жылға дейінгі перспективада тарифтердің тұрақтылығын қамтамасыз етуі тиіс.

5.11. Инфрақұрылымдық саясат

Өндіріс пен өзге де экономиканың салалардың бәсеке қабілеттігі көп жағдайда өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылым жағдайына тәуелді.

Ақпараттық, телекоммуникациялық және көліктік инфрақұрылымның барабар сапасы болмағанша тиімді экономикалық даму мүмкін емес. Инфрақұрылымның осы элементтерінің әлемдік деңгейге сәйкестігінің өзі-ақ қазіргі заманғы әлемдегі елдің бәсекелестік қабілеттігінің маңызды факторы болып табылады. Өспелі ғаламдану және асынған ғаламды бәсекелестік жағдайында шаруашылық субъектілердің әлемдік рыноктың шақыруларына уақытылы және тиімді әсер ету қабілеттігі іскерлік табыстың негізі болып табылады.

Елде дамыған ақпараттық-телекоммуникациялық инфрақұрылымның болуы ұлттық экономика өсімінің, қоғамның іскерлік және зияткерлік белсенділігі өсімінің басты факторлары болып табылады, халықаралық қоғамдастықтағы елдің беделі туралы куәләндіреді. Өздерінің құрылымдық бөлімшелері арасында сияқты сыртқы әлеммен байланыстың сапалы жүйесі болмағанша бүгін бизнестің бірде бір түрі дами алмайды.

Көлік коммуникациялық кешен салаларын дамыту оларды дамытудың бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

5.11.1. Электр энергетикасы саясаты

Электр энергетикада тұтынушылардың электрлік энергияны жеткізушілерді еркін тандау, субъектілердің электр желілеріне еркін және кемсітусіз қол жеткізуіне негізделген өткізілген реформалардың нәтижесінде электрлік энергия мен қуаттың бәсекелестік көтерме рыногы ойдағыдай жұмыс істеп тұр.

Электр энергетиканы одан әрі реформалау рыноктық өзгерістерді тереңдетуге, электроқуаттың биржалық саудасын жасау мен дамытуға, электроқуат саласындағы қызмет көрсетулер спектрін кеңейтуге бағытталады.

Өткізілетін реформаларды қолдау мен саланың одан әрі дамуы үшін, қуатты өндіретін және тасымалдайтын кәсіпорындардың құрал-жабдықтарын жаңарту үшін инвестициялардың өсімін қамтамасыз ету қажет.

Инвестициялар тартуды ынталандыру мақсатында орта кезеңдік мерзімге табиғи монополия субъектілерінің қызмет көрсетулеріне, инвестициялардың қорғалуы мен нормативтерден аса шығындарды қысқартуға олардың бағыттылығын қамтамасыз ету үшін негіздер жасауға мүмкіндік беретін электр жүйелік компаниялар үшін жаңадан прогрессивті әдіснамаларды енгізу қажет. Тарифтерді қалыптастырудың жаңа әдістемелерін іске асыру тарифтердің жоғарылауына әкеледі, осыған байланысты, халықтың төмен кірістік бөлігін қолдау үшін шараларды біржола қабылдау қажет.

Бұдан өзге, электрлік қуатты беру көлемдерінің өсімі негізгі белгінің бірі болып табылатын электрлік энергияны беру жөніндегі қызмет көрсету тарифтеріне төмендету коэффициенттерін беру арқылы тарифтерді қалыптастырудың икемді әдістерін енгізу қ а ж е т .

Төмендету коэффициенттерін енгізу отандық тауар өндірушілер мен республиканың экспортқа бағытталған кәсіпорындарын қолдауға мүмкіндік береді.

Электр және жылу энергиясына тарифтерді реттеу саясатын өткізу кезінде мынадай факторлар есепке алынатын болады:

электр энергияның төмен тарифтері экономиканың маңызды міндеттерінің бірі - дамыған елдерден 3-4 есе жоғары болып тұрған өнімнің энергия толықтығын төмендетуге ықпал етпейді. Арзан ресурстарды ешкім үнемдемейді.

Бүгін бюджет бір жақтан төмен тарифтер есебінен табиғи монополисттердің қызмет көрсетулеріне бюджеттік ұйымдардың шығыстарын арзандатудан пайда тауып отырғанын, бірақ дәл сол уақытта ол салықтарды толығымен алмайтындығын талдау к ө р с е т і п т ұ р .

Яғни, электроқуатқа тарифтерді көтеру өте қажет. Бұл қадам өнімге энергия жұмсалуды төмендету жолымен жүруге кәсіпорындарды мәжбүрлейді, оларды жаңартуға итермелейді.

Тарифтердің өсімі тұтыну тауарлардың бірқатарына бағалардың және тұрғын-үй коммуналдық қызмет көрсетулерге тарифтердің өсіміне, халықтың тиісті шығыстарының өсіміне әкелетіні шартсыз. Сондықтан халықтың төмен кірістік бөлігін қолдау шараларын қабылдау қажеттілігі бірге пайда болады. Мұны күнкөріс минимумын, ең төмен жалақы мен зейнетақыны көтеру жолымен, немесе халықтың ең кедей бөлігіне қолма қол қаржы көмек көрсету арқылы жасауға болады.

Сонымен, табиғи монополисттердің қызмет көрсетулеріне, жекелеп айтқанда электроқуатқа тарифтердің өсімі тек қана табиғи монополисттер ұстанымынан ғана бүкіл ұлттық экономикаға шарасыз және ақталған. Сонымен қатар өндіріс шығындарының құрамы сияқты көлемі бойынша осы компаниялардың мониторингі қажет.

5.11.2. Ақпараттық технологиялар

Ақпараттық технологиялар (АТ) саласындағы негізгі міндеттер ашық жүйелердің тұжырымдамасы негізінде әлемдік қоғамдастықпен іске асырылатын ғаламдық ақпараттық инфрақұрылымның бір бөлігі (Global Information Infrastructure - GII) ретінде, сондай-ақ бағдарламалық өнімдерді және софт-технологияларды дамытуды ынталандыру, ҰАИ-ды (ұлттық ақпараттық инфрақұрылым) біртіндеп дамыту болып т а б ы л а д ы .

АТ-ы дамыту кезінде компьютерлік жабдықтарға бағаны төмендету шаралары бойынша негізгі пайда компьютерлік жабдықтың өндірісінде емес, пайдаланушылар шығындарының тұрақты өсімі болатын - бағдарламалық құралдар, қызметтер мен

консультациялар секторында шоғырланатынын ескеру қажет.

АТ саласындағы қызметтерге ғаламдық сұраным болжаммен 1997 жылғы 327 млрд. АҚШ долларына қарағанда 2008 жылға қарай 1 трлн. АҚШ долларға жетеді. Қазақстанда қолдануға басатын АТ секторы экономиканың аса маңызды салаларында дамуы тиіс. Өйтпеген жағдайда осы саланың өнімі импорттың маңызды бөлігі болып қала беруі мүмкін. Бұдан басқа, ұлттық экономика салаларында сапалы өзгерістердің тұтастай катализаторы болып табыла отырып, АТ елдің телекоммуникацияларын дамытуда айқындаушы рөл атқарады.

АТ саласындағы мемлекеттік саясат:

ҰАИ-ды дамытуға ықпал ететін ашық және тұрақты нормативтік-құқықтық базалар мен стандарттарды құруға;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару органдарын және қоғамдық ұйымдарын, шаруашылық субъектілерін, халықты ҰАИ-ға әмбебаптық қол жеткізуді қамтамасыз етуге;

мемлекеттік органдар порталдарының мекемесін, мемлекеттік деректер базасы мен құжат айналымы рәсімдерін қоса алғанда, электрондық үкіметті әзірлеуге және енгізуге;

мемлекеттік құралдар мен ақпараттандыру жүйесін стандарттауға сәйкестендіруге және сертификаттауға;

ішкі және сыртқы рыноктардың жаңа мүмкіндіктерін барынша пайдалануға мүмкіндік беретін электрондық коммерцияны толық ауқымда енгізуді жәрдемдесуге;

мемлекеттік сатып алулар саласындағы электрондық аукциондар мен тендерлер механизмін енгізуге;

халықтың білім деңгейін электрондық оқу мекемелері мен кітапханаларды құруды қолдау есебінен көтеруге;

бағдарламалық құралдар мен софт-технологиялардың ұлттық индустриясын дамытуды жан-жақтыға қолдау бағытталуы тиіс.

5.11.3. Телекоммуникацияларды дамыту

Телекоммуникациялар саласындағы ең өспелі және перспективті салалардың бірі ретінде индустриалдық-инновациялық саясат, отандық бизнес пен халық үшін олардың барынша қол жетуіне және барынша ең прогрессивті байланыс құралдарының дамуына жәрдемдесуге бағытталуы тиіс.

Қазақстан өзін әлемде болып жатқан телекоммуникациялар революциясынан тыс қалуға мүмкіндік бермейді. Қазіргі кезеңде әлемде жаңа телекоммуникациялық технологияларды шапшаң енгізу мен дамыту мысалы мобилді телефондар үшін жаңа, көп дүркіндік кеңейтілген мүмкіндіктер, жасайтын кең диапазонды байланыстар сияқты, Интернет пен мәлімет беретін, сондай-ақ мобильді телефондардың 3 буын технологияларын жеделдете дамыту және енгізу жүргізілуде.

Қазіргі кезде қазақстандық телекоммуникациялық компаниялар шетелдік және

халықаралық спутник компанияларынан спутник ресурстарын жалға алуға мәжбүр. Сондықтан елдің барлық аумағында теледидар хабарларын тарату үшін жағдай жасауға, шалғай және аз қоныстанған аудандармен байланыс мүмкіндігін құруға, байланыс арналарының қуаттылығын кеңейтуге және әртараптандыруға көмектесетін ғарыштық байланыс әлеуетін пайдалану қажет.

Сондай-ақ, талшықтық оптикалық байланыс желісінің құрылысы мен жер үсті телефон желілерін цифрлауды және жылдам дамытуды жалғастыру қажет. Ұлттық телекоммуникациялық желілердің тиімділігі мен бәсекелестікті ынталандыруды көтеру толықтай нарықтағы сектор трансформациясына жәрдемдесетін болады.

5.11.4. Көлікті дамыту

Көлік саласындағы басты міндет дамыту факторын шектеуші көліктік инфрақұрылымдағы жағдайларды болдырмау мақсатында елдің тез экономикалық дамуына сәйкес жүктерді және жолаушылар ағынын жетілдіру мен кеңейтуді қамтамасыз ету болып табылады. Елдің көліктік әлеуетін барынша дамыту басқа бір маңызды міндет болып табылады.

Қазақстанның аумағы арқылы транзиттік тасымалдауларды дамытудың басты артықшылығы - бұл ара қашықтықты айтарлықтай қысқарту. Тіпті ең жақсы жағдайларда жүктерді жеткізу мерзімі теңіз жолымен Берлиннен қытай порты Ляньюнган 20 күнді құрайды, ал темір жол бұл ара қашықтықты 11 тәулікке дейін қысқартады, тасымалдау екі есеге төмендейді.

Экономикалық процестердің ғаламдануы барлық әлемдік көліктік коммуникацияларға қол жеткізу субъектілерін мемлекеттерге қамтамасыз ету, ел арасындағы өзара тиімді сауда үшін халықаралық көліктік дәліздерді ұйымдастыру қажеттілігін негіздейді. Қазақстан үшін алмастырылмайтын звено ретіндегі тасымалдың өңделген жүйесіне кіру айрықша маңызды.

Қазақстан арқылы өтетін халықаралық көліктік дәліздер торабын дамытудың қазіргі тұжырымдамасы үш басым бағыттарға негізделеді:

Ресей, Еуропа және Балтық елдері;

Қытай, Жапония және Оңтүстік-Шығыс Азия елдері;

Орта Азия және Закавказье, Иран және Түркия республикалары.

Әрбір көрсетілген бағыттарда кешені жер үсті және су магистралі кіретін кешенін қамтитын қалыптасқан халықаралық көліктік дәліздер бар. Олар қазіргі заманғы техникалық жарақтарға ие және ол халықаралық транзиттік тасымалдаулардың шоғырлануына арналған.

Қазақстанның аумағы арқылы 6 темір жол, 6 автомобиль және 72 әуе дәліздері өтеді. Елге Еуропаның түкпіріне кететін және Тынық мұхиты жағалауынан бастау алатын Транс-Азия-Еуропалық талшықты-оптикалық желілер байланысы қиылысады. Оңтүстіктен солтүстікке оны цифрлық магистраль транссібір оптикалық желілері қосып отыр.

Елдің көлік-коммуникациялық жүйесіндегі ерекше орын халықаралық көлік дәліздерінде орналасқан екі торабы; шығыста "Достық" темір жол өткелі және елдің батысында "Ақтау" теңіз сауда порты.

Көліктік кешенді дамытудың мақсаты сыртқы рынокқа отандық экспорттық тауарларды тиімді жеткізу мен оның пайдаланушыларына көліктік қызметтердің кең жиынтығын көрсету.

Саланы дамытудың басым бағыттары тиімді және технологиялық жаңартылған көліктік кешенін құру, транзиттік әлеуетті іске асыру болып табылады.

2015 жылға дейінгі кезеңге елдің қажеттілігіне жауап беретін жағдайдағы көліктік жүйелер трансформациялары бойынша жұмыс жалғастырылуы тиіс. Ол өзіне:

жаңа темір жол желілерінің құрылысын қоса алғанда темір жол тораптарының конфигурациясын жетілдіру, жылжымалы құрамның өндірісі мен жөндеуге арналған өндіріс базасын дамытуды, темір жол тарифтік жүйесін жетілдіруді;

жаңа экспорттық құбыр жолдары жобаларымен мұнай мен газды тасымалдау үшін жұмысты; жұмыс істеп тұрған құбыр жолдарын кеңейту, жаңа магистралді экспорттық мұнай жолдарын құру; 2010 жылдан кейінгі кезеңге жоспарланған пайдалануға енгізу қажеттілігін;

құрылыс, авто жолдары желісін кеңейту және қайта жаңарту; шетелдік инвестицияларды белсенді тарту және бәсекелес ортаны ынталандыруды қоса алғанда авиациялық тасымалдауларды дамытуды;

көліктік ынтымақтастық туралы шетелдік мемлекеттермен келісімдер жасасуды қоса алғанда, көліктік тасымалдауларды тарту және халықаралық көліктік дәліздерді дамытуды;

мультимодалды көліктік жүйелерді дамытуды;

Каспий теңізіндегі теңіз көлігі мен өзен көлігін дамытуды қамтиды.

